

ПЬЕСАЛАР



СОЛНЦЕ И ЛУНА



СОЛНЦЕ И ЛУНА

БЭЙБІШЕ, ТОҚАЛ

Төрт перделі қайғылы хал

(Драма)



О И НАУШЫЛАР²:

Есендік — 55 жастарда.
Қайша — тоқалы, 35-те.
Төлөу жан — үлкен баласы (бәйбішеден).
Демеужан — кіші баласы (о да бәйбішеден) 20-да.
Дәмеш — қызы (бәйбішеден), 16—17-де.
Қуатжан — тоқалдың баласы, 20-да.
Бейсембі — партия басы, Есендіктің ағайыны.
Әбділдә — о да партия басы. Бейсембі мен Есендіктің жауы.
Аманбай — Қайшаның бауыры, таз, 25-те.
Байсалбай — Қайшаның әкесі.
Күләш — Төлеужаның келіншегі.
Фазиз — оқып жүрген жас жігіт.
Рақыш — Фазиздың жолдасы.
Күзетші.

БІРІНШІ ПЕРДЕ

I көрініс

Есендіктің үлкен үйі. Үйдің іші сәнді жиылған, қаралы. Қуләш, Дәмеш іс тігіп отыр.

Қуләш. Үу-үң, апам өткенге неше күн болды, Еркем? Есім шығып кеткен ғой деймін, қара басып ұмытам да қалам.

Дәмеш. Жырма күн болды ғой бүгін. (*Тым-тырыс.*) Үң, Қуләш-ай, осы жүргегі қурғыр бірденені сеземе, жоқ па? Қоңліме апам өлмеген секілденеді де турады.

Қуләш. Қоңліц ғой, қалқам, көңіл қимайды ғой. Апам жарықтық өлімге қиярлық кісі ме еді? (*Аз тым-тырыс.*)

Дәмеш. Маған апамның өлгенінен де жүрегіме қатты бататын бір нәрсе бар.

Қуләш. Ол не, қалқам?

Дәмеш. Энишейің, апамның соншама алақанына салып еркелеткен қадірін білмеппіз ғой. Сөзі болса, ылғи күндеңінді жамандайсың деп тындарашы едік. Іс тапсырса, жұз айтқызыбай істемеуші едік. Бір құрбы қылышпаз да жүріппіз ғой.

Қуләш. Еркем-ау, менің де күндіз-туні ойлайтыным осы. Неге отымен кіріп, күлімен шықпадым екен? Неге батасын ала бермедім? — деп бір түрлі өкінем.

Дәмеш. Біз үшін Қайшамен не деснеді. Енді мұның жайлалауды жарасып, жері кеңіп отырғаны мынау. (*Аз отырып.*) Аламды осының қайғысы алып жеді ғой. Ұрыспайтын күні болушы ма еді? Апам тыныш отырса да, сөйлесе де соктығып жағаласудан кез ашты ма? Біздің беріміз сонда да апамның сезіне құлақ салдық па?

Қуләш. Апам жарықтық кісіге жаманшылық ойлауды білуші ме еді? Бүгін тас-талқан болып отырса да, ертең кіші апамның бар мінезін ұмытып, кешіре беруші еді. «Бұл байғұска қылмағаным бар ма еді? Төркініне апартып тастамақшы да болдым. Бүгін теңессе, құдай

көз жасын иген шығар», — деп, тоқалды шақыртып татуласып қалатын. Өмірі ішінен кегі кетпейтін — мына кісі ғой.

Дәмеш. Тоқалдың құлығын кісі сезе ме? Апамды әсірссе күйдіргені — екі-үш жылдан бергі сатылған малдың бар ақшасы тоқалдың қолына жиылғандығы ғой. «Бәйбішенің балалары енші алғанда, малды көп алып кетеді. Осы күннен өз бетіме мал жиям» деп, базаршылар экелген ақшаны ағамның қолынан талай жұлдып алып сандығына салыпты ғой!..

Күләш. Оны білем ғой. (Тоқтан.) Еркем, есінде бар ма, апамның тағы бір қатты ашуланғаны? Бір күн қалаға мал айдамақшы болып, ылғи Төлеш пен Қенжениң тақымына басқан аттарын сатпақшы болды ғой.

Дәмеш. Ұмытып қаппын... Ол күнде апамды ұрса береді деп сөккенін басқаны білуші ме едік?

Күләш. Апам сонда Атекеме бірталай сөз айтты.

Дәмеш. Не деді?

Күләш. «Мешің балаларым момын. Тоқалдың құлығына қарай қылық қылмайды. Бұл үйде тоқал мен баласының алдынан шығатын — жалғыз мен, менің көзім тірі отырғанда балаларымды қақлайлағысы келеді, еш нәрсеге не қылғысы келмейді. Кешегі есепке алынбайтын тоқал бұл күнде дүниенің бәрін бауырына басып әкетіп барады. Оған сен болыспасаң, тегінде, осының балалардың көңіліне түйін болып байланып жүрмесін. «Біз құмадан туып па едік? Неге еске алып, есепке тұтпайды? Бізді қүннен-күнге тоқалға құл қылып барады» деп, өз басыңа өкпе салып жүрмесін», — деді.

Дәмеш. Ағам не деді соған?

Күләш. Атекем басында құлак қойған жоқ³. «Қолында дәнемесі жоқ тоқалмен неменесіне арпалыса бересін? Кешегі күндікте жүрген тоқал емес пе, неменені билеп-төстеп кетті?» — деді де қойды. Ылғи сөйдел алдаушы еді ғой.

Дәмеш. Иә, сөйтіп алдайтынын да біліп отырушы едік кой. Тағы не айтты апам?

Күләш. Апам әлгі сөзге ашуланып: «Тоқалды өтірік бейшара қылғанынды қойшы осы. Тоқал бұрынғы тоқал ма? Осы күнде сен ауған соң, есеге қолы жетіп, ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып отырғанын кім білмей отыр? Енді ол қатындікі өз бетіне. Жастығынан қорықтың ба, абыройымды ашар деп қаймықтың ба, әйтеуір жалынышты, жалpetек болдың. Оның өзі бір

төбе. Енді баласын да баламнан артық ұстағың келіп отыр ғой. Осының да білгендік пе? Тоқалдың баласына қай уақытта есе тиіп еді?» — деді.

Дәмеш. Мұнысина не жауап берді? Тағы бірдеме деп алдай салды ма? Жоқ, тоқалдың дауын айтты ма?

Құләш. Оған айтқан жауабы толып жатыр. Апаммен үзак сәйлескенің көргенім сол. Ондағы айтқаны: «Қуатжан тоқалдан туған бала болса, менен де туған. Алды-артында толып отырған інісі жоқ, басы жалғыз. Ертеден кара кешке жетім баладай көзге турткі ғып отырғанымыз лайық па?! Менің басымда оның қарызы жоқ па? Жас күнінде шешесін қыуп, бір жетімсіреттік. Ержеткенде өнер үйретіп, оку оқытып еркін жүріс жүргіздік пе? Керек десе бір тайды тақымына басқыздық па? Малшының баласы қандай болса, сондай болған жоқ па? Сенің балаларың көрген жақсылықтың, срекеліктің ширсігін көрді ме? Енді малға не болып, дүниені басқарып отырса, пысықтығынан отыр. Сенің балаларында ол өнер жоқ, не кыл дейсін?» — деді. Сөйтіп, көрнеу тоқалдың сөзін айтты.

Дәмеш. Байғұс, бұл сөзді естігенде қайтты екен?⁴ Соңғы жылда Қуатжанды сүйеп жүргенде айтатын сөзі осы ғой.

Құләш. Апам ашуланып, ешбір сөз айтпай отырып қалды.

Дәмеш. Эйтеуір апамның айтқан сөзі күннен-күнге болып келеді ғой. Аузына құдай салды ма, немене? «Әй дер әже, кой дер қожа жоқ, бәріне жетімдікті көрсетер» (жылап) деп еді ғой.

Құләш. Өлім аузында жатқанда⁵ табалаған бұл дүшинаи не қылмайды дейсің (курсініп). Мен тұрғанда үлкен үйде кім отырады деп, үйге кіріп алыш, дүниенің бәрін баурына тығып бара жатқанын көрмеймісін?

II көрініс

Әбділдә, Төлеш кіреді.

Әбділдә. Шырағым, бір да старткан жайши. (Құләш жаяды. Әбділдә құран оқиды, бата қылады.) Шырактарым, шешелеріңің алдынан жарылғасын⁶.

Төлеш (ақырын). Айтқаныңыз келсін (Күлшіка.) Кымыз әкел.

Әбділдә. Эй... марқұм Бәтимәм жақсы еді-ау! Дүние шіркін осы ғой — ұшығына жеткізбей бара жатқан. Болмаса, тоқал өліп, Бәтимә қалса да, Есендік өлмес еді ғой. Бәтимә ағайынның анасы еді. Мына тоқал кімнің ажарын сактайды дейсін?

Төлеш. Неге, Қайша ағайынды қуар дейсіз бер? Әбділдә. Ай, шырағым-ай, қойшы! Ұяда не көрсе, ұшқанда соны алады. Кісі қадірін біліп көрмеген құрдымның қызы — бұл кімді сыйлайды дейсін? Есендікті мұрның тескен тайлақтай жетектеп алғаны — анау. Әйттеуір момындық жақсы еді ғой деп, бәрің бірдей тоқалға бағының кете журмендер!

Төлеш. Бағынғанмен де, не зиян болар дейсін, кімнің басына секіреді беталды.

Әбділдә. Ой, шіркін, сен де тоқал-тоқал деп, жалтаңкөз болам десеңші. Бірақ мұның мына балаларыма зиян ғой, мейлін.

Қайша кіреді.

III көрініс

(...)⁷

Әбділдә (*Қайшага амандасады*). Қәпірдің құлпырып кеткенін қарашы, Бәтимәдан құтылып алып!

Қайша. Сынап журеді-ау бұл дүшпан, дүшпандығын тастамай. Истесең дүшпандығынды үйінде істе, менің үйіме келіп шалуыттамай!

Әбділдә. Адырақал! Мен сенің үйіне келіп отыр ма екем? Мына балаларымның үйіне келіп отырмын. Қешегі жақсы Бәтимәнің орнына құран оқығалы келіп отырмын. Есендіккен жау болғанмен, Бәтимәнді ұмытпаймын.

Қайша. Балалардың үйі жок! Бұл — менің үйім, ейтіп бөлшектеме! Дүшпандығын осы емес пе?

Әбділдә. Дүспан десен — дүспанмын. Сенімен дос болған кісі не барқадар табушы еді? Бәтимәнің бет тоғырағы жасырынбай жатып, «бұл үйдің иесі мен, мен» деп, балалардың жүргегіне жара салып отырған сен жылланнан не жақсылық құтуге болады?

Қайша. Қелгір дүспаннаның сөзін қарашы, балаларға қорған болған кісімсіп отырғанын! Бала айтқанға көніп, айдағанға жүрсе — балам, ішімнен шыққан Куат-

жашын көм көрмеймін. Егер сендей азғыргыштың тіліне ерсе, түк те жок.

Ә бділ дә. Кел қысқарт, кел қысқарт. Тілін, тілін көпірдің шағын алып қарап тұрган!

Қайша. Тілім сол! Қайтесің: шақты десен — шақ-қаным (Балаларға.) Сендер неменс қымыздың берін бұған беріп, сөзіне еріп отырғандарың? Қерегі жоқ бұның құранының! Құнәлі болса, дұспанның құраны кіпәрет болмай-ақ қойсын. Бұл дұспан!

Төлеш. Қойши, Қайша, жоқтан өзгені айтиш!

Ә бділ дә. Қуарған! Осы кеше сені Бәтімә ат сауырына⁸ мінгізіп, төркініңе апартып тастаймын дегендеге, бекер тоқтатқан екем гой. Мал-басқа иемін деп тұратын аю қатын боларыңды білмедім ғой. Айтқанымда көніп, айдағанымда жүреді дедім ғой, сорлы басым.

Қайша. Қайт дейсің? Менің де көзім ашылып, есеге ілінгенімді көр — мінс. Маған көрсетпеген қорлықтарың бар ма еді? Сенен де көрген жақсылығым жоқ болатын. Құдайдан корықтай, өтіркті неге айтасың?!

Ә бділ дә. Не айтар екен тоқтай тұр?!

Қайша. Не айтайын, неге қолым жетсе де, өз тала-быммен жетті. Өзімнің жігер, намысның арқасында жетті.

Ә бділ дә. Мына балалардың көзінше қоянды ақтартқың келген екен, сорың құрғыр, талабың мен өнерің жас жігітпен қашып кетем деп. Есендікті қорқытып алғаның ба? Екінші айтып отырғаның — бар-жогыңды беріп, Бейсембіні өзіңе қаратып алғаның шығар, ол өнерінді де білем! Сен ертең де істейсің оны!

Қайша. Құдайға шукір, істеймін! Байды да, баланы да, дүниені де билеймін! Ішің күйсе тұз жала, не қыл дейсің? Саган енді ақылласарым да, жалынарам да жок.

Ә бділ дә. Жоғал, кәпір, шабаланбай! Балаларымнан садаға кет! Сенің не істегелі жүргенінді мен білмейтін шыгармын. Бірақ аярыңды байқап бас! (Төлешике.) Шырагым, мені аттандыр, мына кәпір құранды да оқытатын емес кой өзі.

Әбділдә, Төлеш шығады:

IV көрініс

Қайша. Неге тыңдайсыңдар ол дұспанның сөзін? Құніне жұз дұспан келсе, бәріне де үйисың да отырасың, түге. Дұспанның сөзі жағады-ау сендерге, қасқырдың

күшігі құсаған өңшең жат бауыр неме! Сен ендігәрі отырма бүйтіп майысын (Күләшқа.) Мауқың басылатын болды рой, түге!

Күләш. Біз не жаздық сізге? Әлгі кісімен ұрыспадың дейсіз бе? Апамды сіз ұмытқанмен біз қайтіп ұмытайық?

Қайша. Жоғал әрі! Құндестьен құтылдым ба десем, орнын сен басайын деген екенсің (Катты.) Сен де Есен-діктің қатыны ма едің?!

Дәмеш, Күләш шығып котеді. Бейсембі, Есендік, Төлеш, Куатжан кіреді. Қайша отырады.

V көрініс

Есендік (Бейсембіге). Кәне, енді еліңнің жайын айтшы? Сайлау жақындаған сайын, елдің таразысына қарап қыпылдайсындар гой.

Бейсембі. Қыпылдаудан кім аман қалар дейсіз?

Есендік. Эйткенмен отқа жақынның қолы күйеді, бәрімізден де сен бұрын қобалжисың гой.

Төлеш. Әбділдә құрдасыңыз да «бір старшын, екі старшын» деп жүрген көрінеді.

Есендік. Оны қойши, партия болмаса. Арқамды күн шалмайды дейтін Әбділдә слідің бүлінгенін тілемесе, нені тілейді? (Бейсембіге) Өзге ел қалай?

Бейсембі. Елдің бәрінде сыпсың сөз кірген көрінеді (Қымыз келеді.) Жәркенің жігіттері: «Елді алдық», деп, есіріп жүр. Қанша сенің бауың берік болатынын кім біледі? Біз әлі қозғалғанымыз жоқ. Жаңа ғана жан айласын қылып, қыбырлай бастағанымыз осы.

Есендік. Жәркенің жігіттері кім-кімді алдық дейді екен?

Бейсембі. Олар 11 старшыннан — 2 старшын Жәрке, 3 старшын Бәйке, 5 старшын Қоскені алдық деп отыр⁹. Ендігі майданның үлкені осы өздеріннің алтыншыларында болады, Әбділдәнің базары көтеріліп тұр. Алтыншы жеңіп берсе, ол шарыққа шыкты.

Есендік. Біз мына бес старшынға сенімдіміз бе? Осының өзі жарықсыз тап басып тұра ма?

Бейсембі. Бауырыца тартып, бойынды көрсетпесен, олардың бірі де тұрмайды. Баяғыдан партияның ісі мәлім емес пе? Партияның тауқыметін көретін кісі алды-

мен белсеніп өзі шығуға керек. Өзің бұғып жатып, алдыма сен түс дегеніңе кім жүреді? Алдымен бой көрсеткен кісі соның жақсылығына да, жамандығына да жалғыз не болады. Әңшейінде біз тәуірсіміз. Атаның аруағы бар, бәйбіше баласы деген атағымыз бар, басымызға үйірлген дос бар — осының бәріне қарасан, алдымен біз белсеніп шықпасақ болмайды.

Е с е н д і к. Бізден басқа да жақсы деп жүрген бар гой. Солар неге бір жолша бастамайды.

Б е й с е м б і. Бізден басқалар болғанмен, олардың артынан ел ермейді. Бастасан — өзің баста. Өзіміз сықылдыларға бағындырма! Тастан алмай жүрген кісілігіміз жоқ депті. Мұнысы дұрыс. Біз бұлай жатсак, ел іші жарылады. Эркім әр айғырдың үйіріне сіңіп жүре береді. Бірақ сонда орын таба алмай, қанғырып қалатын біз боламыз.

Е с е н д і к. Шығын да көп шығады ғой енді бұған.

Б е й с е м б і. Бұл қалыпта көп шыға қоятын көрінбейді. Ел сорлы бақтың құсы емес пе, біреудің басына байыздап отыра ма? Болымсыз жем шашсан, талайы-ақ теріп кетейін деп отыр. Эр жерден тамырын үстап байқап жүрміз.

Т ө л е ш. Әуелі қаша шығарамыз дейсіздер?

Б е й с е м б і. Отыз ат, мың сом ақша¹⁰. Кәне, осының қашасын көтересіндер? Бүгінгі сендермен сөйлессейін деп келгей сезімнің бірі осы?

Қ а й ш а. Шығын-шығын деп келесің де отырасын, неменең бар осы? Не балама берген кісілігің жоқ. Болсаң өзің боласын. Елден үйірлеп алып жатқан малдан тым болмаса бір тайдаң тенің қылышп, өзің біліп әкелиң те бермейсің. Бір емес, екі емес, шығыннан басқа айтариң бар ма осы?

Б е й с е м б і (жынышп күліп). Шығыннан басқаны неге айтпаймын, айтамын, тұра тұр.

К у а т ж а н. Осы партияны істемесе болмай ма? Кімді кім жеп жатыр? Мал-басқа есе қымрай, жаллы жайдактап, құл құрықтап бір таусады. Болыстықтың не қызығын көрдік? Алған жалуанасы * қонақасыға да жетпейді.

Е с е н д і к. Партияға берген мал құмға су құйғанмен бірдей екені рас кой. Не бағасы жоқ, қулар құлындағы сақау, құнандағы тісеуін айтып бұлданады да отырады.

* Жалуанаы — жалованисі (еңбек ақысы).

Жалынасын, барыңды тығындастың. Байлау-матат жок, ол күрткін айтқан жерінен табыла ма, жоқ па? (*Тымтырыс*). Білмеймін, әйтеуір жау деп жүргеніміз де өзіміздің туысқанымыз. Қызығанып жұлысатынымыз да солар. Екі арада жем айрып жүрген — ылғи жат, ылғи бағасыздар.

К у а т ж а н. Партия еріккеннің салдары ғой. Әйтеуір шығын шығатын болса, сол жеңген жаққа қиналмай-ақ берсек болмай ма? Біздің берген малымыз басқа жүрткіндегі қайтып та алышады.

Е с е н д і к. Партияға берген мал арам мал ғой әйтеуір.

К у а т ж а н. Партияға беретін малымыз жоқ. Келер пайдасы болмаған соң, арам тер болып неміз?..

Б е й с е м б і (*жарыса көтеріліп Қуатжанға*). Қысқарт енді, сен, сөзінді! Мен саған сынатқалы келіп отырмын ғой, тегі ісімді. Ел талқысын бір көрсем, сендердің талқынды екі көрем ғой, тегі. Сендерге мен жалыныштымын ғой, тегі. Бұл не деген санаңыздық? Қыс бойы тоқалдың баласы Жәркемен қосылып, Еркенің бойын шауып аламын деп аласұрып шықты. Еркенің көлденең аккан сүн шаба ма? Жағасындағы ағашын шаба ма? Ұзында өшті, қысқада кекті қадаған жауын шабады. Жауы кім? — Сені мен мен. Оның ішінен жаман-жақсы болса да анама қараған қара шаңырақтың иесі сенсің, ауыртпалық сендерге түседі.

Е с е н д і к. Біздің не жазыгымыз бар оларға? Не кінә қояды солар?

Б е й с е м б і. Сенің жазығың жоқ болса — менің де жазығым жоқ. Тоқалдың баласы болса — туысқаным. Туысқандықтан басқа жат мінезді көрсे — айтсын. Туысқан ол түгіл, бөтен Жәркеге де жазығым жоқ. Қызының койнынан шыққаным жоқ. Ерінің құны, нарының пұлы жоқ. Неге мал малданасың, неге кісі боласың? — дейді. Бұл зорлық емес пе? Жәрке кешегі менің әкемнің қарашасы болатын. Тоқалдың баласы затсыздығын қылышп отыр. Атамның аруағын жауға қосылып жоғалтқысы келеді. Еркек болсаң — атаңың аруағына қыз. Жоқ, заман келді; енді Жәркенің қарашысы біз боламыз десендер, оларыңды айтыңдар! Малдан туыпсыңдар ғой, малдың құлы болғанда, Жәркенің құлы болу кын ба?!

Е с е н д і к. Білмеймің, аяғын өздерің білесіндер. Ен-

ді мал-басқа иеміз деп отырған сендерсіндер, айтыңдар сөздерінді.

Бейсембі. Жүрсендер, ешкімге тауқымет артпай-сындар. Менің қолқама журмей-ақ қойындар. Тұбінде мен өз басым үшін саспаймын. Мен Жәркеге барсам да, сол тоқалдың баласына кем орын алмаймын. Бірак сен сықылды туысқанымды, жана шыр досымды жылатауды, сонысы батады. Жат ағайын айдының жоқ, артында жалғыз досың жоқ. Қолында қыруар малиң бар. Тұбінде жем болсандар — сендер боларсындар. Әбділдә-ақ таусады сендерді (*Тым-тырыс*). Еске алынып, есепке тұтылмай, Керей, Уактын келімсегіндей Жоркенің біреуіне қоңып жүрерсіндер.

Төлеш. Біздікі әншейін қара жарыс кой, бише-ага! Эйтпесе сіздің айтқаныңыздан қайда кетеді дейсіз. Ба-баның жолын сіз қуғаңда, көзі тірі отырған эксінің жолынан біз неге адасайық. Мал-басқа біздің де иелігіміз жоқ.

Қайша (*Бейсембігө*). Барынды айтып тауыстың ғой өзін. Шығыннан басқанды айтыш кәне.

Бейсембі. Шығыннаш басқа сендерге айтқалы келген сөзімнің бірі мынау: бұны әнеугүні Қайша мен Есекене шет-жағасын айтқанмын. Осы слідің партиясы қырық құбылып, жұз толқып келгенде алтыншының таразысына қарайтын көрінеді. Баяғыдан алтыншының қалины осы. Әбділдәнің бойын өсіріп жүрген де сол. Енді оны бір отамай, көз ашылмайды. Жұнін жығып алып, жүрт көзінде бағасын түсірмесең — болмайды. Қарын шашы алынбай, асып кетті.

Төлеш. Оны қайтіп аламыз дейсіз?

Бейсембі. Оған мына Қайшаның әкесі Байсалбай да қосылып алып, бір тоқтамады. Енді не қылса да осы Байсалбайды алу керек. Эйтпесе — жецилеміз. Байсалбайдың сырын тартып журмін. Ол: «Үй ішінен үй тігейік, сүйек жаңғыртайық» дейді. Ана Аманбайға Дәмешті сұрайды. Мен оған уәде беріп журмін. Бүгін осында келіп сөйлеспекші. Енді осыған сөздерінді бір жерге қосындар. Берген лайық.

Төлеш. Кім біледі, Дәмештің өзі апасы өліп, уайымдап жүр. Жайлап айтып, алдынан өтпесе, жылап ренжіп жүрмесе?

Куатжан. Ренжуіне болады. Әуелі өзіне жайлап айтып, үктыру керек. Қас-қабағына қарамасақ болмайды.

Бейсембі. Айту керек десендер, Байсалбаймен уәделескен соң, Қайша жайлап айттар. Біз енді осы уақытқа шейін апа-қарындастырыз, балаларымызды сұрап алып, күйсуге беріп көргеніміз жок. Керек десе, ерек өзімізге де қатын әпергенде ырзамысын деп сұрап көрген жок. Тек баланың бағы болсын.

Есендік. Солай екені рас қой¹¹.

Қайша. Қатын үсті болмаса, кәрі күйеу болмаса, кедей болмаса, салт атты, сабау қамшылы болмаса, одан артық қандай күйеу керек? Өзім жайлап ұқтырамын. Ағам келсе, сөздерінді сөйлесе беріңдер.

Бейсембі}
Есендік} Дұрыс.

(Байсалбай кіреді.)¹²

VI көрініс

Кымыз күйылады.

Бейсембі. Ақсақал, Әбділдә досының не әнгімесі бар? Қанша туысканға қақпан құрып жүрмін дейді? Осы күні рой партиядан басқа тілсүі жок (*Тым-тырыс*). Тілемей де қайтсін... Қақпанды басқалы қыбылжып жүрген ел — анау. Пышагы құйрық үстінде, әншейін «қанды басың бері тарт» деп отыр ғой.

Байсалбай. Ой, шырағым-ай, оның өмірін итке берсін де. Артынан ерген туысканды қарақтағаш соң, не қасиет қалды? Баар жер, басар тауы қалды ма өзінің? Абай жарықтық өзінің ел-жүртқа сыйымсыз бір туысқанына айтыпты ғой:

Соқақ-соқақ жортады кек бөрілер,
Сонда да жүйрік атқа бектерілер.
Табынан бөтен жүрген сорлы жігіт
Әр жерде жұрт көзіне жек көрінер, —

деп.

Есендік. Әбділдәні қанша жамандасандар да, елді жиіркенте алмайсындар, не керек. Қысқа күнде қырық құбылып отырса да, алдауы жетті деп тастап кететін бір адам жок.

Байсалбай. Япыр-ай десенші? Осы менің де Әбділдәмен жолдас болғаныма көп болды ғой. Істеген ісі-

мізде қаяусыз дос болдым. Соның алғанын зор қылыш, қараганын жер қылмак болып-ақ жүрдім. Еріп жүріп момынды да, жақынды да жылаттық. Бірақ сол жүрістің бірінде мұның басына сеніп жүрген емеспін. Ал қалайша жүргенімді осы күнге шейін білмеймін.

Б ейсембі. Әбділдәнің кісі алғыштығы, бауырына тартып, үйір қылыш әкеткіштігі бар-ақ. Бірақ шіркінің бар жаманы ет-бауыры елжіреп, біреуді туысқан, біреуді дос деп, әсте бойын бере білмейді ғой. Қандай айнымайды-ау деген дос болсын; әуелі бір бәлеке сұнгітіп алып, оны өзі айырыл алған кісі болып, досының мойнына есептеп ұпай салады. Сөйтіп жалынышты қылыш алады ғой.

Б айсалбай. Міне, осы. Бүгін ауыз жаласып отырсан да, саған арнап қойнына бір тас тығып отырады. Сенде сырт берессің ғой әлі, сені осымен матайын деп, бір қауіптің жотасын көрсетіп қояды ғой¹³. Әйтеүір ұшырына бір жете алмай-ақ қойдым, не керек.

К уатжа и (Бейсембігө). Атқа мінемін деп отыр едіңіз ғой. Мына кіслердің сөзін естіртіп кетсеңізші.

Б ейсембі. Ио, сиді осыған келсійік (Байсалбайға.) Ақсақал, кешегі сөзіңіз туралы біз үй іші болып кеңесін, ырзалық білдіргелі отырмыз. Әуелде бас сүйескендікпен бала алып, бала де беріксенбіз. Одан бергі от басы-ошақ бұты өкпе болса, тастасқан жөн. Енді біз қайырлы болсын айтамыз!

Б айсалбай. Дұрыс, қарағым. Ат айналып қазығын табады. Тәрімнен көрім жуық болып отырган заманда мен араз болып балаларымнан қайда барам? Қүйеумен көркейіп, жиенімен женкеуге мен де ынтық жанның бірімін. Араздық шіркін не бар? Жақынымызбен жатша жұлкысып жүріп, өкініп өлеміз! Не қасиет бар?

Б айсалбай. Бәрекелді, қарағым, рас айтасың!
Б ейсембі. Ендігі сөзді тағы сөйлесе жатармыз. Бүгін мына Қаумен аулында жиылдыс бар еді. Соның жайынан тысқа шығып, бір сөйлесіп алайық.

Е ендік. Иә, сиді сөздеріңе кірісіндер.

Бәрі шығады.

VII көрініс

Қайша (*жалғыз*). Бұйырса, тағы бір арманым жеткелі түрмyn. Бейсембі жақындықты ақтайтының білүші едім. Әзірше айтқан жерінен шығып келеді¹⁴. (*Kylimcirep.*) Шіркін, өзгені былай қойғанда да, Есендіктің мал-жанын соған билетіп отырганым жоқ па? Алдынан шыгатын тірі жан жоқ. Қешегі Бәтімәнің заманында мұндай болып па еді? Осының бәрінода есептер (*Turegelip.*) Есептесең — есепте, мен де ұтыла қоймаспыш. Менің арманым — дүние емес, басымның кегі болатын. Іздегенім есем болатын. Оған қолым жетпесе¹⁵ мен Есендікке қатын да болып жүрмес едім (*Az turyln.*). Рас, әуелі қызбен сөйлесейін. Ол неме көнбейді ғой. Бұған не айла бар? (*Oylap.*) А-а-а, қыз қайда еken өзі? (*Шақырады.*) Дәмеш, ә Дәмеш!

Дәмеш кіреді.

VIII көрініс

Дәмеш. Немене?

Қайша. Мұнда келші, қарағым! Отыршы мына араға! Өкен, ағаларың маған сенімен сөйлес деп кетті. Жасын болса жетіп қалды. Сен бізге бала көрінгенмен, жүрт көзіне бойжеткен қыз болдың. Кеше менің әкем Бейсембіге, ағаңа кісі салыпты: «Әуелден бас сүйескен жақын едік, бұрынғы сүйегім ескіріп барады. Қайтадан сүйек жаңғырттайық, мына Аманбайға баласын берсін», — депті. Бұған не айтасың?

Дәмеш¹⁶. Апам болса, мені Аманбайға берем деп ешкім айтпайды ғой (*жылап.*) Жетім дегендері ғой. Әйтпесе, менің тенім Аманбай ма еді?

Қайша. Аманбайдан артық кімге тиесін? Қүйеу тандайын деген ойың бар ма еді? Оның масқара екенін білмегенің ғой. Қыз ержеткен соң борыш болады. Әкешешенің қарызы — ертеден күтті орнына қондыру. Балалық қылма, қарағым.

Дәмеш. Менің ырзальғымды сұрайтын болсандар, Аманбайға өлсем де тимеймін. Әуре болмандар.

Қайша (*ойланып*). Мейлің енді. Сені зорлайтын әке-шеше жоқ. Мен айт деген сөздерін айттым. Ағаларыңың өкпесін өзің көтерейін дегенің ғой. Бермей-ак қой дейін (*Шыгады.*).

IX көрініс

Дәмеш (жалғыз). Қайшаның қақпайына көне берсем, мені біреуге күн қылып беруден де тайынбас. Неге көнейін.

X көрініс

Фазиз кіреді. Дәмеш, түрекследі.

Фазиз. Неге тұрдың, Дәмеш, үріккен кісіше? Мен әлде мезгілсіз уақытта келдім бе?

Дәмеш (куліп). Неге үркейін, кісі үркетін кісі ме едіңіз сіз?

Фазиз. Үрікпей жүрген де мінезің белгілі ғой. Құрғак касық ауыз жыртады. Құр сөзбелі жұбатуың жеткен жок на осы?!

Дәмеш (куліп). Тұңілген кісіше сөйлейсіз ғой. Неден қажыдыңыз?

Фазиз. Мен еш нәрседен түцілмеймін. Түңілетін кісі үш жылдай хат жаза ма? Мен әлі күнге үміттімін. Тас бауыр ет болып жібімес пе еken деп күтіп жүрмін. Тек түнілдірме (Күліседі.) Игіліктің ерте-кеші жок.

Дәмеш. Сіз мениң сөзімді бүрмаламаңыз. Сізбен сөйлесу қыны ғой осы. Қашап сөйлессеніз де сөзіңдің арты бір түйінге әкеп соқпай тұрмайды. Игілігіңіз не?

Фазиз. Игілік әр әдамға әр түрлі. Мениң күтіп жүрген игілігім бір басқа.

Дәмеш. Сіздің игілігіңіз не? Шыныңызды айттыңызышы?

Фазиз. Мениң күтіп жүргенім — әнеугі хатымның жылы жауабы (Күледі.)

Дәмеш. Тағы хатыңызға сұрау салып жүрсіз бе? (Күліп.) Өзіңіз беріп, өзіңіз сұрау салуыңыз қалай?

Фазиз. Хатымның өзін сұрап жүргенім жок. Соның бүйымтайын сураймын.

Дәмеш. Одан артық сұрарыңыз бар ма?

Фазиз. Бір тілегімді қабыл қылмай түрғанда, тағы бір тілек айттар не шамам бар. Мен бермейді деп қорқам. Сұрайын: қай тілегімді берер едің?

Дәмеш. Өзіңіз қай тілеуімді бермейді деп қорқасыз? (Фазиз түрекеліп қасына барып, қолынан үстайды.) Ақырын, біреу келіп қалмасын. Қәне, айттыңызышы?!

Фазиз. Мениң жүргімнің түкпіріндегі шын тілегім:

өзінің басынды сұраймын (*Tүріне қарап, қолынан үстап тұрып*). Осыған не айтар ең?

Дәмеш. Олай болса, сол тілегіңізді сұраныз.

Газиз. Шын ба?.. Уағда ма?

Дәмеш. Бұның қабыл болады (*Қызыарып күліп*)
Уағда.

Ұзак сүйіседі.

(Шымылдық)¹⁸

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

I көрініс

Телештің отауы. Дәмеш жалғыз.

Дәмеш (*хат оқиды*). «Қалқам, әнеугіден кейін жолыга алмадым. Сағындым. Қөнілімнің жалғыз жұбанышы — «уағда» деген бір ғана сөзің. Мақсұтым — бұрынғы. Өз көнілің калай? Не ойлаған ойың бар? Үйлерің Байсалбаймен құда болып, қойды гой» (*Аңырып*) Бұл өтірікті кім айтты скен? (*Оқиды*) («Ырза емеслін деген сөзді айта алмадың ба? Іс мүндайға айналған соң, салақтық етуге болмайды¹⁹. Біздің де қам қылұымыз кепрек. Саған енді бір жолығын қылдасайық. Мына Ракыштан жауабынды айттың жібер. Қош. Газизің!» (*Аз тұрып*) Не дейді, құдай-ау!.. Шын ба, өтірік пе?

Ракыш кіреді, отырады.

II көрініс

Ракыш. Оқып болдың ба, Дәмеш? Не жауап айтасын?

Дәмеш. Ракыш-ау, мүниша өтірікті қайдан үйренигенсіздер?

Ракыш (*аңырып*). Е-е, мына құдай не дейді? Қалқам-ау, қай арада өтірікші болып қалыпты?

Дәмеш. Осы құда болыпты дегенді кім айтты сіздерге?

Ракыш (*куліп*). Е-е, тәңірі, мыианы айтады екендей. Оған өтірікші болар ма екенбіз?

Дәмеш (*күліп*). Болар ма екенбіз дейсіз-ау, болып отырып. Ол рас болса, мен неге білмеймін? Маған Қайша арамдық қылса, Құләш айтса керек емес пе? Әлі күнге маған бір ауыз сөз айтқан кісі жоқ. Бұларыңыз бекер.

Рақыш. Өзің басынан бір ауыз сөз естіген жоқпышын? Жоқ, бүгінгі болған істі білгем жоқ деймісін?

Дәмеш. Басында сұрағанын естігемін. Онда ырза өмессін, мені қажамандар деп, бәрін де қойғызығамын. Сіздер жүрттың, есегін майданып жүреіздер.

Рақыш (*байсалданып*). Менің сөзіме нансаң қайтеді, бала, осы?..

Дәмеш. Жарайды, үялғаныңызға көрінсін.

Рақыш. Апыр-ай, Дәмеш-ай, енді көңілінді жыртпайын деп, соңша білмегенсіп қашып едім болмадың ғой. (*Дәмеш аңырады*.) Осы қарғыбауын әкеп отырса, құда бола ма, болмай ма? Анау үйдің жанына бір түйе, бір ат әкеліп байлап отырған кісі кім болушы еді?

Дәмеш (*өңі бұзылып*). Қойшы!.. Не дейсіз?.. (*Аз тоқтап жылап*) Өлген жалғыз апам емес! Маған жаны ашитынның бәрі өлгені де, бәрінің де жау болғаны ғой²⁰.

Рақыш. Қалкам, бұл жауалықпен істеген іс деймісін? Қазақ болған соң, қазақшылығы болмай тұра ма?

Дәмеш (*жылап*). Жоқ, мен қорғаны жоқ жан екемін. Қарсы айттар жауабы жоқ сорлы екем.

Рақыш. Олай деме, Дәмеш. Қорғаның неге жоқ болады? Өзге қорғамаса, біз қорғаймыз. Қазақ қай қызын ырзалығымен беруші еді? Бәрі де өлмейтін күнін өзі көріп жатқан жоқ па? Өзің ойлан, Ғазиз не дейді? Біз осыны естіген соң, әдейі өзіңмен ақылдасайық деп отырмыз.

Дәмеш (*жағын таянып қатты ойланып отырып*). Рақыш, бұл рас болатын болса, Ғазизге сәлем айтыңыз!

Рақыш. Мақұл, айтам, қалкам!

Дәмеш. Менің мұнда сенерлік кісім жоқ екенин кө

зініз көрді гой. Індігі менің жалғыз сенеттіңім Газиз. Сөйлесемін десеніздер, ертең кешкө үйдің артындағы тоғайдың тубінс ел жаткан соң келіңдер.

Рақыш. Дұрыс, енді сөздің қыскасы осы. Өзің уайымдама. Дәнеңде етс алмайды бұлар. Не қылушки еді, тәнірі.

Дәмеш. Эй, білмеймін... эйтеуір келсеңіздерші.

Рақыш. Құп, ал енді мен жүрейін. Хош бол, қалқам, (Шығады.)

III көрініс

Дәмеш (жалғыз). Құдай-ай, бұл не дсген қорлық! Құләштікі не? Кімге ақылласамын? (Жылайды. Құлғиқ кіреді.)

IV көрініс

Құлош (бата алмай, ақырын қасына келеді, теріс қарап). Естіп қойды ма әлде? Естісе, маган өкпелейді-ау айтпадың дең! (Дәмешке.) Қалқам, неге жылап отырыңың, Еркем?

Дәмеш (ундемей отырыңқырап). Не қылушки едің, неменеге сұрайсың? Сүйсіпш тұрмысың?

Құләш. Сәулетайым-ай, не дейсің? Маган неге сонда қатты сөйлеп отырысың? Бір нәрсеге өкпелейсің ғой өзің. Айтшы, қалқам! (Қасына отырады.)

Дәмеш. Аңқаусымай-ак қой. Апамды сен де ұмыткан скенсің. Өтірік мәдірлеп жур екенсің ғой. Маган өзгенікінің бәрінен сенікі батты ғой (Жылап.) Сепен басқа кімім бар еді? Қайтіп ұмытып, қайтіп жаулық ойладың?

Құләш. Сәулем, жаулық ойласам, жер жұтсын? Не жазыппын мен, кеселді айтшы, сәулем? Әлде кіші апаң бірдеме деп от тастап кетті ме?

Дәмеш. Қайша емес, оған кінәлі болмай-ак қой.

Құләш. Енді кім?²¹

Дәмеш. Өзің де біліп отырысың, несіне сұрайсың, күйдіргің келе ме? Бәрің амалдасып, Аманбайға мені бермек болыпсындар ғой. Осыны білмедің бе сен? Білдің, білсең де айтпадың. Қастығың осы емес пе?

Күләш. Сөулем-ай, құдайшылыққа, осы сөзді Төлеш мәған таңертен айтты, бүгін қалын мал әкеледі деп²². Мен аузыма келгенді айтып ұрыстым, Еркем жылайды, ырза болмайды деп! Оған сен білмейсің, ырза, энеугіде кісі салғамыз. Өзі көнген, — деп, аузымызды аштырмай қойды.

Дәмеш. Не дейсің? Құдай-ай, мен кімге айтыппын. Ол өздерінің етірігі. Мені Төлеш өйтіп алдамай-ақ қойсын (*Az отырып.*) Ал неге таңертеннең бері айтпадың сен?!

Күләш. Қалқатайым-ау, айтуға бата алмадым, жылайды-ау, ренжиді-ау деп (*Жылап.*) Эйтпесе, сені жыла-тып, жаулық ойлап, мені не құдай атыпты? Жаңа жылап отырғаныңды көргенде, журегім тас тәбеме шықты. Кеселділердің ішінде жасырысқан кісі болып мен де кете-мін-ау деп.

Дәмеш. Маган дүспан — тоқал емес, Төлеш екен той.

Күләш. Оған не деп өкпелесең де, өклең сияды. Есінен неге айрылып жүр өзі?

Дәмеш. Қарғыбау әкеп отырғандары рас па?

Күләш. Қарғыбау түгіл, қалың малын да әкеліп отыр. Сөулем-ау, сорақысының бері де шығып жатыр. Енді несін жасырайын: шоқ беріп, шоқ ал деп айтып жиберілті кіші апам. Жаңа естідім: баласы сонымен айда-п келіп отыр жаңа.

Төлеш, Демеужан кіреді.

V көрініс

Дәмеш (*az отырып күрсініп*). Екеуің мені кім деп жүрсіндер осы, қас-қабағыма қараймысындар, жоқ па?

Төлеш. Қалқам, не дейсің, не нәрсеге ренжідің?

Дәмеш. Қайшамен бірігіп не істеп жүрсіндер? То-калдың өз басының жаулығы жетпей жүр ме? Бәрің жиылың, садақа қылғандарың мен болдым ба?

Төлеш. Қалқам, өкпендей анықтаң айтши, мен әлі күнге сен режитін іс қылдым деп жүргенім жоқ. Сенің ырзалағыңда қарап жүрмін деп ойлаймын. Қатем болса — бар шығар, айт!

Дәмеш.²³ Үрзалағыңмен жүрмін деп аңқаусымаң-

даршы! Мен бала емеспін, апам өлген соң балалықтан айрылғамын.

Төлеш (*Күләшқа*). Сен айтшы-сй, ұқтырши! Дәмешке менің жазығым үлкен ғой, тегі?

Күлөш. Элі үқпай отырсыз ба? Өнеуқұні кіші апама ғайтыпты ғой, Аманбайға ырза емеспін деп. Шешеңдің бұлдыратын жүргсін білмедің бер?

Төлеш. Япыр-ай, не дейді? Құдай-ай, мына Қайша жер өртеді ғой, қайтермін? (*Дәмешке*.) Сәулем, сені шын жылатқан екем ғой²⁴. Қайшаның қундестігін ескермеппін ғой (*Құшақтап маңдаіынан сүйіп*.) Жаңылған екем ғой.

Демеужан. Өзің не қылып жүргенсің? Осы елде Аманбайдай ақымақ адам жок. Не қып! Дәмеш ырза болады дедің? Мен жокта басыңды Қайша айналдырған ба, немене? Таз бауырын әулие қылып, Дәмешке тен қылып отырғаны бізді басынғандығы, аскандығы ғой.

Дәмеш. Екеуіңң дес күр сөздеріңе ішім жылымайды. Ойласаңдар болмады ма? Кімнен састындар?

Төлеш. Қалқам, менің саған айттар сөзім жок. Құдай-ау, қайтемін енді?! Ел болса — партия, малды алыш қойып отырмыз.

Демеужан. Партияның қара тынга керегі жок. Жүрттың сөзің тагы керегі жок. Қайша шыдатпаса — көреміз. Ана малың қайтарып бер.

Қайша кіреді.

VI көрініс

Қайша (*Күләш пен Дәмешке*). Не қылып отырсыңдар, екеуің, осы үйден шықсандар жеп қоятындей болып. (*Дәмешке*.) Жүр анау үйге! Мына бір қатын ғой жыбырлап сезуар болып алған.

Демеужан. Немепе, тагы қырып-жойып келгенің, жүрттың бәрін жайпап?

Қайша. Тәйт әрі, қырсықпай! Қарсы сейлегішін өзінің (*Дәмешке*.) Жүр, ей қызы, әулиесімей! Ертең қайның келеді, күда түседі, істейтін іс бар.

Демеужан. Қайша, тегінде, тілінді тарта сөйле, Дәмеш бармайды. Қайның деп естіртіп, қуанта қояйын деп түрған шығарсың. Жынды бауырыңа тимейді, естіп

ал! Ана малын қайтарып бер. Дәмеш сенің бұлдыратқанына беріп жіберетін мал смес.

Қайша. Не оттайсың, өңшең қуарған? Қайтіп тигізбейсің сен? Қыздың исесі сен шығарсың?! Ертең қолынан үстап жетектетіп жіберейін. Алшы менің қолымнан!

Төлең. Шалтықпа енді, Қайша! Дәмеш бармайды, Демеужаниң сезі рас. Үндемеген сайын қалай-қалай басынасың? Сенің жаулығың жеткен жоқ па маған? Дәмешті қалайша бұлдыратасың сен? Құңпің қызы ма еді ол? Өйтіп қолжаулық қыла алмайсың? Байсалбайдың маған керегі жоқ. Ерекіссе, Әbdілдәға журе берсін.

Күләш. Тіпті жуас түйе жүндесуге жақсы деп.

Қайша. Қәнс, сендердің айтқандарының болғанын көрейіп енді! Осы қызды бермесем, атым өшсін!.. Тілдерін шығаруын бұлардың! (Дәмешке жүргіріп, қолынан үстап.) Жұр, кеселді күң!

Дәмеш. Бармаймын, аулақ жұр!

Қайша (айқайлап). Ойбай-ай, тілдері шықты гой мыналардың! Тілдерінді кесейін мен сендердің (Үргұра ыңғайланады.)

Дәмеш. Төлең, тарт мынаң!

Төлең (Қайшаны үстап алып). Әлі неге құтырдың сен осынша? (Иығынан жұлып жіберіп, шалқасынан туспіреді.) Қайтер екен десем, шыдаган сайын тәбемді ойып өлтірдің ғой.

Қайша (жарыса айқайлап). Ойбай-ай, өлтірді, Есендік, мына құндестьін балалары! (Шаршысын жұлып алып, шашын будыратып.) Өлдім... өлдім, адыра қалғыр қайдасың! (Үйден жүгіре шығып, есіктің алдында.) Қептеді ғой, ойбай!.

Төлең. Сенен-ақ өлдім ғой, қырғызып ал мені!

Есендік пен Қайша қіреді.

Қайша. Естідің бе, қуарған, ананың сөзін? (Есендік ітермелеп.) Кеселді, өл, ойбай, қолдарында!

VII көрініс

Есендік (Төлешке). Не қылдың-ай, иттен туған?

Төлең. Мен сенен туғамын, кім жазалы екен зуелі тексер, тоқалдың жасақшысы болмай?

Қайша. Сенің сақалыңды да талдан жүлғалы тұр. Түрін көрмеймісің, ойбай! (...)²⁵

Төлең. Сен қатындікі жеткен, қыскарт енді!

Е с е н д і к (*жерде жатқан шоқпарды алып, Төлешике жүгіріп*). Жоғалт көзінді, жер жұтқыр арам! (*Үрады.*) Менің қатынның кім деп қол жұмсайсың? (*Кайша да жүгіріп жүріп үрады.*)

Д е м е у ж а н (*Қайшаны жұлдып айырып*). Өлтіруші ме едің бәрің бірдей? Тартындар қолдарынды!

К ү л ә ш (*жылап*). Құдай-ай, бұл не деген сұмдық? (*Төлеши шоқпардан үстасып жүреді.*)

Е с е н д і к (*шоқпарды жұлдып алып тағы үрады*). Өлтіремін сені, көзің жоғалтамын, тумай кеткір!

Д ә м е ш. Аға-ай! Тоқалға болысып, бәрімізді үрдыш ба?²⁶

Қ а й ш а. Куарған Есендік, өлтір (*Есендік ұрып жүреді.*)

Д е м е у ж а н. Тарт енді! Саган қарсы келген бала жоқ. Төлеш, жұлдып ал, аяйды деп тұрмысың? (*Жүгіріп, шоқпарға жабысады.*)

Е с е н д і к. Иттер, талаңдар мені де! Бауыздаймын екеуінді де! (*Тағы үрады.*)

Т ө л е ш. Ай, құдай-ай, өлдім ғой! Неменеге есірдің әлі?!

Шоқпарды жұлдып ала береді.

Есендік тартысканда шоқпар шекесіне тиіп, қан агады.

Қ а й ш а. Сорлы-ай, көзіңді ағызды ғой, басынды жарып жоса қылышты ғой (*Есіктен шығып бара жаттып.*) Көрдік-ау мынаның баласынан!

Д е м е у ж а н. Не десен — ол де, кетші үйімнен! Экеге қол көтермегеніміз құдайға да, өзімізге де аян.

Қ а й ш а (*тыста айқайлайды*). Кеселді малышлар, қайдасындар, туғе? Шақыр Бейсембіні, шақыр елдің бәрің! Есендік, шақырт, қанынды көрсет, өлтірт, бауыздат, ойбай!!!

Е с е н д і к (*қатты*). Шақыр Бейсембіні, ағайында-рымның бәрін шақыр, коңыз тергіземін бұларға, не бауыздаймын!²⁷

Д а у ы с. Бай, қайда бар дейсіз? Құдай-ай, не болды? Бұл не деген сұмдық!

Қ а й ш а }
Е с е н д і к }
} Ұш, шаш! Бәрін шақыр!
Қ а й ш а. Қундестің балалары бірігіп алдып, Есендік пен Қайшаның басын жарды де! Өлтіргелі сабап жатыр де. Ұш, ойбай, ұш.

Бұл уақытта үйдің ішінде Кулаш, Дәмеш жылайды. **Т ө л е ш,** Демеужан түсі сұып, томсарып отырады²⁸.

VIII көрініс

Күләш (жылап тұрып). Ойбай-ай, не істедіңдер?
Бет-аузының беріп қан басып кетіпті гой. Ку тоқал-ай,
түпке жеттің-ау!

Демесужан. Ағайын жылсын, біз де айтамыз.
Біз мұнша неге сорлы болады екенбіз? Үрейлерің үшпай-
ак, қойсын?

Төлең. Тоқал дегеніне жетті. Ел-жұртқа не айта-
мын енді? (Тым-тырыс.) Жә, енді не айтарымыз бар? Ке-
летін ағайын тілімізге наанады, сезімізді макұлдайды деп
отырмысың? Тоқалдың табан астына енді әдемілеп түсе-
сің. (Демеужанға.) Қой, тұр, сен Эбділдәга бар, тоз кел-
сін. Менің ендігі жақыным — Эбділдә!

Демесужан (турегеліп.) Рас, бұ да ақыл екен.
(Жәнеледі.)

IX көрініс

Төлең (Дәмешке). Қалкам жылама, қайт дейсің?
Құдайдың қай салғанына көнбейміз? Mine, әке дүшпан
болғанын да көріп тұрмыз. Әксні сабаған кісі болып, ен-
ді келетін жүрттан не көрер скеміз?

Домаш. Қеселді Қайшаның дүшпан екенін жаңа
біліп пе едің, ағатай?!

Төлең. Ендігінің керсі жоқ. Біз енді бұларменен
отаса алар ма екеміз? Тоқал тоздырды гой!

Күләш. Құдай-ай, өзгеден бұрын, Атекемшің бес-
тіндегі қанды қайтесіңдер? Жұртқа не дейсіңдер? Тоқал-
дың іздегені бір пәле сіді. Муратына жетті, әйтеуір!

Төлең. Бұл — бұл ма, тоқалдың айтқаны болып
отырса, аз күнде әрқайсымыз әр сайды отырамыз, әлі
тоқтай тұрыңдар (Аз тым-тырыс.) Дүниеде үй ішіндегі
дүшпанин киши жау бар ма екен? Өз сорына арнал
асырап отырган үй ішіндегі жылан гой ол. Қай жағын-
нан қайтіп торып отырганың қайдан білесің? Жатқан тө-
сігіңнен шыға ма? Отырган орның, ішкен асынан шы-
ға ма? (...)²⁹

Демеш. Бұл күнге шейін осыны айтып жүрген
апамның сезін елсіңдер ме? Бүгін басқа тигендеғана

біліп отырсыңдар той. Тоқалды асырып жүрген осы мөміндіктерин үй.

Төлеш. Елемеді деймісің тоқалдың күндең екенін, дүшпаш екенін жас күннен-ақ жүрегімізге сіңген той. Біз емс, әке істеген іс болған соң, не шара бар? Енді тоқалдың курганы — кегі болса, оған қосылып Бейсембінің курганы Есендіктің мал-басын билеу, қайтейік?

Күләш. Осы рас сөз той. Ендеше бұл күнге дейін неге ескерілмеген³⁰.

Төлеш. Осы үйдің мал-басының қожасы кім? — Жалғыз Бейсембі, одан соң — Кайша. Екеуінің ойлаудың жүргені де бұл үйдің берекесі смес, өздерінің мақсаты. (*Тым-тырыс.*) Дүниес-ай, айналамыз толған жауыздық, қастық болып кетті-ау! Ылғы дүшпаниның арамдығы мен қулығына шырмалың бітіппіз той.

Қатын кіреді.

X көрініс

Қатын (*аз тұрып*). Дәмеш, сені әкен шақыртып жатыр, қалқам. Шақырып кел, қорықпасын, мені сабаса — Телеш пен Демеужан сабады; Дәмешімді корқытпаймын, үрікнесін, мен әкесімін. Олардың қасында отырмасын. Бәтимәден қалған жалғыз исім сол, алыш кел, иіскеімін дең жатыр. Барамысын, қалқам? Айт деген сөзін айттым әйтсеуі!

Төлеш (*Дәмешке*). Қалқам барғың келсе — бар, заман бұзылса, ондагы күнді көрерміз. Біз болмасақ, сенің жазығың жок қой. Тоқал тиетін болса, қайтып келерсің.

Дәмеш пен қатын шыгады.

XI көрініс

Күләш. Мына сөздері рас болса, атекем сендерге кәрін тіге қоймас. Тоқалдың кесірінен болғанын өзі де білмес деймісің?

Төлеш. Енді кәрін тікті не, тікпеді не? Құдайдың бір салғанын көреміз. Бізге де ағайын табылар, қайтесіз.

Әбділдә мен Демеужан кіреді, сәлем беріп амандасады.

XII көрініс

Төлеш. Ақсақал, әңгімсі бастаң аяқ естіген шыгарсыз. Құдайға да, өзімізге де аян. Қанша сабап жүрсе де, қол көтсіріп ұрайық деп ойлаганымыз жок. Жалғыз-ақ Қайша «ұр» деген сайып ұра берген соң, қолындағы шокпарды ала берем дегенде, шікесіне тиіп кетті. Сізді құдайшылығын айтсын деп шакырттық. Сізден басқа дос табылады деп отырғанымыз жок.

Әблілдә. Балам, мен бәрін естідім. Тіпті сол төбетті әдей үрсаң да, жазықты емессің. Сакалы шошандап, бір көкайыл тоқалдың тіліңе сріп, саған неге сойыл ала шабады? Сен құл-құтапымысың? Енді енкімнен үркін корықпа!

Төлеш. Ақсақал, менің сіндігі ойлап отырғаным мынау: бұғін жиылған ағайын аузына келгенің сөйлем, Қайшаның сойылын соғып, біздің еселі сөзімізді тыңдамай кетеді ғой. Одан соң бұл іс біздің бетімізге таңба болып, сүтке тиген күшіктей жекесүрүн болармыз да отырармыз. Одан да бұғін осылардың қасынан көнін кетіп, есемді артынан күни алсан қайтеді?

Әблілдә (*ойланып*). Бұл да дұрыс сөз скен. Бұғін бұлардың алдында кішіреймс. Ертең өзімің қасыма кел. Содан соң есеп кетпейтіні мәлім ғой. Тиіп алсан да алып беремін³¹. Сенің есеп кетуші ме еді бұларда (*Қырын қарал*) Бұл барса, сайлауда жеңемін. Менің іздегенім осы емес не? Бейсембінің артын ашатын болсам, одан артық не олжа бар?! (*Төлешке қарал*). Бұғінгі осы ақыл дұрыс скен.

Десмұужан. Иә, енді осыдан артық амал жоқ³². Мұндағы өз басы қастық ойламас деген жақының — скең болса, ол да көп дұспашының ортасында солардың шокпары болып отыр.

Бейсембі кіреді.

XIII көрініс

Бейсембі (*Әбділдәні көріп, аз ойланып, Әбділдәга*). Біздің сөйлесстің сөзіміз бар. Сен анау үйге бара түр. Мұнда сен кірісетін жұмыс жоқ. Бұл араға сен кілкілейсін.

Әблілдә. Мен ондай сөзді үқпаймын. Бәйбішес ба-

ласы — менің туысқаным. Оның сөзіне мен кірісемін. Айт билігінді, айт әділетінді, мен көріп отырамын...³³.

Бейсембі. Туысқанымның ісін езім тексеремін. Жат болып кеткен жауды отырызбаймын. Жаттың сыншысының керегі жоқ. Бұл үйден шық. Қылқып ізделеп келіп отырғаның пәле гой тагы.

Төлеш. Эбеніді мен алғызын отырмын. Жүректеріңде құдайшылық болса, қайта осының алдында айтындар, мен сөздерінді естірткелі алдырып отырмын. Бұл кісі шықпайды.

Бейсембі (*Төлешике ашууланып*). Оңбаган, құдай жүзін көрмегір, сенің алдыңғы сүмдігің жетиен не еді? Қолың батып әкенін басын жарып отырғаның — анау. Қанішер арам болғаның аз болды ма? Енді арамдыңды қостауға, әділет айтқан кісімен жауласуға мынаны алдырып отырысъң ғой. Бокты сүйесу болар саған осы!³⁴ Пәленің үстіне пәле туызығың келген екен, сенің бойыңды өшірермін! Жоғалт көзінді қазір! Сенен айрылған күні өліп қалсам, көрерсін.

Төлеш. Бейсембі, маған ара ағайын болатын болсан, ұрып-ұрыс. Болмаса, әдетің тартып, Қайшаның жақашысы болатын болсан не қылдың, неге істедің демей-ақ, қой! Құдайшылық сөзге нанбайтын жасақшыға берер жауабым жоқ.

Бейсембі (*Ақырып*). Сен иттің сөзіне нанбақ түгіл, тыңдайтын да кісі жоқ! Сен арамда не қасиет қалды? Кісі нандырып, шың сөз сөйлейтін немене ар қалды? Осынша істі істеп отырған сенде не иман бар?

Әблілдә. Сен енді өрекпімей, қылатынынды қылыш! Бәрің жиылып тоқалға шоқиар болып келісіңдер ғой. Жетім-жесір қорғансыздарын — бәйбішенің баласы болыпты ғой. Кәне, сен қорғансыз қылыш осыларды!

Төлеш. Енді маған қылатынынды қыл! Оナン басқа айттар сөзім жоқ. Мен тоқалға жіңішкерің, астына түсे алмаймын. Бұғынгі күнде тоқал да бір, сен де бірсін.

Бейсембі. Олай болса, көш қазір! Мен сені қөшіргелі келдім. Сенің мұнда елің жоқ екең ғой, елізді тап! Кет, қазір, жоғал енді, арам! Біз сен кеткенде өліп қалсақ, көрерсің. Сенің арамдыңың белгілі. Мына арамды сол арамынды қостатқалы шақыртып отырысъң ғой. Кет енді.

Әблілдә. Сенсіз-ақ ертең көшкелі отыр. Рас айта-сың, мен қостагалы келдім, қостаймын. Есесін алып бе-

рем. Козы бұты — қой саны қылып тентіретіп жіберетін шығарсың.

Бейсембі. Тентіремек түгіл, қоңыз теріп жесін, сен есесін алып берерсің!¹³⁵

Әбділдә. Алып бермесsem, көрерсің! Қіші шешенің баласы қылып жібере аларсың! Жіберу соны қарада, артыңа қара! Бұл менің істеп отырған ісім.

Бейсембі. Саған еріп жүргенде есе берсем, атым ешсін! Куарган, ел-жүрттan безгсін қан шелек! Қырыма салмай жүрген шығармын. Алдымен саған қылармын! (Бейсембі шығады.)

Әбділдә. Ендеше басыңа мұның үстіне мың поле жауғызбасам, менің де атым өшсін! Екі үйіңе бір қазан астырармын, тура тұр! Пәлемен шоқтықтанатынымды көрсөтмін!

Шымылдық

УШІНІШІ ПЕРДЕ

I көрініс

Тұн. Ауылдың сырты, тоғай. Ойын бөлмесінің бір (бұрышынан боз үйдің бір жақ сырты көрініп тұрады)¹³⁶.

Бейсембі (*жалғыз отырып*). Есендік үйінің шыркы бұзылып барады. Қөлдененің көзіне сөгісті болатын, өрескел істер көбейіп кетті (*Тым-тырыс.*) Бірақ не қылмак керек? Барлық дәүлет осының қолында. Партия істесен, мұны кірістірмей, іс өнбейді. Кірістіргенде катарыңа жүруге жарайтын бірсөй жок. Бастыры Есендік болып, ел келесі былай тұрсын, өз атының басын да алып жүре алмайды. Бәйбіше баласын сүйейін десем, ұстауға ауыр, бетінді үнемі үғыш отырмайды. Жән білмейтін олақтығының үстіне, кей уақытта сөзге көнбейтін семіздігі де бар. «Бәйбіше баласымын» деген кеуде бар. Тоқал баласы болса, оның да шаласы көп, дүние көрмеген малкор да ақылы аз (*Тым-тырыс.*) Бірақ мұны ұстау жеңіл. Ұсымнан шықпайды. Түбінде атанаң дәүлеті осында қалған соң, бұл шаңырақта менің үлесім көп қой. Мұндаілық мол дәулетті бұлардың әрқайсынына билеткенше, өз білеуіме керек. Олай болса, енді Куатжаңды ұстайын. Осы партияда жеңсем, болысқа да соны қояйын.

Бір жағынан Есендік, Қайша қолымда болсын. Екінші, ел көзінде жас бала болып жүре берер. Түбінде мұндай шымылдық әрі іске, әрі есепке қолайлы екен.

Қайша шығады.

H көрініс

Қайша. Үй ішіне айналып кешігіп қалғаным. Қадір білмейтін жаман қатын деп ұрысып отырмысың әлде? (Қасына жүресінен отырып, қолын ұстайды.)

Бейсембі. Ұрсуымды сен көтеремісін. Мен түгілі, байына да срік бермей жүрген қатынсың (Құледі.)

Қайша. Бай деп несіне көлденендете бересің бір көртық шалынды! Сенің басың болмаса, мен Есендікке тұрар ма едім?

Бейсембі. Қепір-ай, өз есебінді ұмытатын күнің болсайшы! Тағы алдагың келіп отыр-ау! Бәріміздің шөкемізге сен отырып жүрсің ғой осы (Құліп тамағын ұстайды.)

Қайша (*құліп*). Қарағым-ай, оның несін айтасың: Сен де қара жерге отырып жүрген жоқ шыгарсын. Екеуміздің бірлігімізден залал көрдім десең, күдайыңа шет боларсың. Біріміздің сырымыз бірімізге молім ғой.

Бейсембі. Жә, оспақтамай-ай қой. Өзің осынша пәлені қайдан үйрәндің, соны айтшы? Бүгінгі сырың да белгілі ғой. Қінәлі Төлеш емес, сен екенінді біліп отырмын.

Қайша. Жау айтатын сөзді айтпай отырши, тәрем! Пәлені маған үйреткен не дейсің?

Бейсембі. Неменс, айтшы?

Қайша. Пәлені үйреткен — қүндеңстік. Ағайынға қадірлі, байға сөзі өтімді, ақ дегені — алғыс, қара дегені — қарғыс, аюдай ақырған төркіні жуан қундесің болса, өзің қайтер еді? Кіші қатын мен болдым, телкіні көрген — мен. Кеше сонын днесі қара жерге кіргенге шейін, азадан бойым сергіген күн болды ма екен?

Бейсембі. Есендікті өзіце қаратып алған соң да азалы болып жүрдін бе?

Қайша. Қаратқанмен, не керек, Бәтімәні маған жығып берді ме ол? Бүгін менің сөзімді тыңдаса, ертең онықін тыңдалап отырған жоқ па? Былқ-сылқ етіп, Бәтімәнің зорлығы менен өтіп, төркініме жеткен жоқ па? (Тым-тырыс.) Жә, енді әлгі сөзді сөйлесейік, Қуатжан

қайда жүр? (*Шақырағы*.) Куатжан, әй Куатжан, барі келші (*Бейсембігे*.) Ертең ана елден қайтқанда біздікіне қон (*Құшақтан сүйіп*.) Сенің үйіндегі майысып тұрған сұлуың да белгілі рой (*Құледі*.)

Б е й с е м б і. Енді сонымен де күндең болғың келді ме? Ту, сарамас! (*Құліседі*).³⁷

Қ а й ш а (*құліп*). Күндеңстік бәрібір күндең, неменесі бар? «Ортақ өгізден оңаша бұзау артық» деп неге айтты дейсің кеше кіші бәйбіше?

Куатжан шығады.

III көрініс

Қ а й ш а (*Куатжанға*). Бағанағы сөзді бүгін істегелі отырмын. Соған екеуінің айттар ақылың бар ма? Соны білейін деп едім.

Қ у а т ж а н. Оған айтатын сөз болса, Бейсе-ағам айтады да.

Б е й с е м б і. Менің бөтен айттар сөзім жоқ. Қызды әке билемегендегі, кім билеуші еді? Есекең ырза болса, солай болсын. Бірақ ешкімге сөздірмей істендер. Байлашар сөз байланған. Төлеужанның ақымақтығына кім ерік береді.

Қ а й ш а. Дұрыс енді, бұл сөз бітті.

Б е й с е м б і. Куатжан, сен менімен бірге жүр. Екіншіден; елдің біраз сөзі бар еді, енді осы сайлау өткенше ат үстінде менің қасымда бол. Елдің сөзін ұстап әдеттеге бер. Мен ойлап-ойлап, осы сайлауда женсем, сені болыс қойғалы отырмын.

Қ а й ш а. Ер, ағаның қасына, қарагым! Сен болмағанда, Төлеужан арам бола ма болыс! Экеден туған ұл — сенсің.

Қ у а т ж а н. Дұрыс. Олай болса, тұн болып қалды, жүреійік.

Б е й с е м б і. Жүр.

Бәрі тұрып кінеді. Біраздан соң домбырага қосылып салып келе жатқан күзетшінің әні естіледі.

IV көрініс

Сарғайып сары белден таң атады,
Ақ құба бидай өнді тұн қатады.

(*Ойын бөлмесіне шығады*.)

...Шыдайды жігіт қайтіп ұзак таңға;
Толықсын сары майдай қыз жатады.

(*Ысқырады, айтактайды.*)

Қүзетші. Е-е!.. Бұғін Дәмештің тамыры келеді.
Фазиз бұғін айт десе де, айтпадым. Маған келер пайдасы
жоқ, несіне айтайын жылпындал. Өзі де келетін болса,
ел жатпай келіп қалар. Беретінің қолыма алып отырып
айтпасам, ақысыз-пұлсыз женгетай болып азабым не?
(*Аз тым-тырыс.*) Дәмешпен тамыр болған жігіттің ар-
маны не екен? Жарайды, оның есесін мени де толық қы-
лып алармын. Фазиз екі туып бір қалғаным емес (*Айтак-
тайды. Тогай жақтан біреу ысқырады. Күзетші сөлк етіп
шошып қалады.*) А-а-а.. Қеліп қалды ма? (*Тогайға қа-
рап, аңырып тұрады.*)

Фазиз шығады.

V көрініс

Фазиз (*қасына келіп*). Ел жатты ма? Дәмеш қайда?

Күзетші. Дәмештің оуелі қоя тұр, мырза!

Фазиз. Немене, айып қалғанбен, шіркін?

Күзетші. Айның неге айниын? Өзің нық болсан,
мен айтқан жерімнен табыламын ғой. Женгетайлық мы-
тым ба?

Фазиз. Бөгеліп тұрғаның женгетайлық на? Шіркін,
ол жағынан күдіктенбе? Ырзалаімын. Өзің айттың ба
Дәмешке?

Күзетші. Айту қашнайды ғой. Ел әлі жатқан жоқ.
Мені осы арада ырзалаши өзің. Қазір сейлесіп шығайын.

Фазиз. Шіркін, наңбадың ғой (*қалтасына қолын са-
лады.*) Жігіт емес екенсің ғой.

Күзетші (*алуға ыңғайланып*). Жоқ, қалқам, шана-
мын ғой. Бірақ әншнейін бұл арада ала алмасам, ізден
жүре алмаймын ғой деп жатырмын.

Фазиз. Неменге ырза боласын? (*Он сомдықты алып
шығады.*)

Күзетші. Мырза, құдай білсін, өзің білсеңші. Сіз-
дей мырзаларга пәлен бер деп не айтайын? (*Күліп.*)
Әйтеуір ай мен күндей қарындастымды беріп тұрмын ғой.

Ф а з и з. Мә ендеше! (Ұсынады.)
Күзетші (ақшаның бір шетінен ұстап). Бұның не-
мене? Ақша танымаймын.
Ф а з и з. Ои сом, бола ма?
Күзетші (қойына тығып жіберіп). Жарайды,
болады. Енді мен сөйлесіп шығайын. Қазір шықсын ба?
Ф а з и з. Қазір шықсын.

Күзетші кіреді.

VI көрініс

Ф а з и з (жалғыз). Аманбай тазға сүйгенімді беріп
жіберғенім сүйегіме мін емес пе? Байсалбай аулы әрі
өзімізге қарсы жау (Дамеш шығады.) (...)³⁸

VII көрініс

Ф а з и з (қарсы жүріп, сүйіп). Қалқам, үйлерің жат-
ты ма? Мына тоғайдың түбіне барайык.
Д ә м е ш (үркіп). Ақырын! Тұра тұрыныз, үй әлі
жатқан жок. Мені қазір босатыңыз. Үйдің іші жатқан
сон қайта шығайын.
Ф а з и з (құшақтан тұрып). Менің бүгін сейлесейін
деп келген сөзім көп. (...)³⁹ Үйден біржолата дайында-
лып шық (Тоғайға таман екеуді құшақтасып жүреді.)
Д ә м е ш. Түн?.. Жеделдетіп кеттініз ғой. Тұра тұры-
ныз әлі, сүт көп, көмір аз.

Ф а з и з. Дәмеш, кен жатырсың ғой өзің. Кеше мені
үркітейін деп не едің әндे?

Д ә м е ш. Рас, асып-сасып үркіп келіп тұрсыз ғой.
Кешеден бері дүниенің неше килем болғанын білдініз бе?
Ф а з и з. Білдім ғой. Бірақ оның түбінен бізге пайда-
лы не шығар дайсін? Қанша араз болысканмен, әкеден
бала жетуші ме сіді? Қайтадан тағы табысады. Оған біз
несіне қараймыз? Кешіге берсек, Байсалбай аулы малың
беріп, құда туспін те қояды.

Д ә м е ш. Ол алғы кетеді скен деп корықпай-ақ
қойыңыз. Төлештер оған берстін смес. Малыш қайыртка-
лы отыр.

Ф а з и з. Жоқ, Дәмеш! Оның — балалық. Төлештер
Бейсембі мен әкесінен кете алмайды. Одан кете аммаган

соң, Байсалбайдан да күтыла алмайды. Байсалбайды құда қылып жүрген Бейсембі. Ол барын салса да, Байсалбайды аламын деп жүрген кісі. Сені бергізіп отырғандығы мақсаты не ғой дейсің.

Дәмеш. Иә... айта беріңіз.

Газиз. Бұғінгі күні Төлеш түгіл, Есекін бермеймін десе де қөнбейді. Тырнатын бір іліп алды, енді жазылмайды, Бейсембі — осы елдің жуаны. Тұыскан болса да, сенің экелерің одан қорқады. Ел оның қолында. Содырсойқанды нелер бүліктер сонын артынан жүреді. Сенің экелерің қөнбесе, зорлық қылады.

Дәмеш. Кайдан зорлық қылады. Қайша мен ағам не айтса, соған үшіп тұрады.

Газиз. Оны жұбаныш қылмай-ақ қой. Бейсембі сыртқа солай, ол істеп жүрген құлығы. Шынға келсе, көзін алартып, қазір корқытады. Есекендердің ырзалығына ол карамайды. Сені берерде Байсалбаймен әуелі өзі сөз байлаған жоқ па?

Дәмеш. Ал аяғында айтып-айтып келіп, өзіңіз бүгін мені алып кетемін дейсіз ғой?

Газиз. Иә, кетпесем болмайды. Мұнда біз күтетін дәнене де жоқ.

Дәмеш. Енді тұра тұрыңыз, мен ойымдағымды айттын. Менің кешегі Төлешке өкпелегенімің бәрі теріс екен. Жазықты кісі — Төлеш смес, тоқал болды. Бұғінгі шатақтың бәрі соナン шығып отыр.

Газиз (құшақтан). Иә... кешегі сенің Рақышқа айткан сөзің шатақ шығармайтын сөз емес қой.

Дәмеш. Жарайды, менің көріп жүргенімді оңай дейтін шығарсыз? (Газиз қысып сүйіп тұрады. Құзетті шығады.)

VIII көрініс

Кұзетші. Сүйісін тұргандарын қараши, эттең...
(Тамагын кенейді. Газиз, Дәмеш шошып айрылысады.)
А-а-а, корка ма скесіндер?! (Күледі.)

Газиз. Айта бер, Дәмеш! (Кұзетші ыңырысып ән салып өтіп кетеді.)

Дәмеш. Сонымен енді Төлеш Аманбайға қандай күн болса да бермейміш дейді. Оның үстіне бүгін мынадай жұмыс болып, ағаммен де⁴⁰ көргісіз болып отыр. Бәрі мен үшін, менің жылағандығынан. Ал енді осын-

дай жүртпен түгел ұстасып отырғанда мен кетіп қалсам,
Төлеш не дейді.

Ғазиз (ойланып). Иә, бұл да қисынды сөз. Бірак Төлеш өмір бойы кетіп қалады дегенге мен сенбеймін. Ертең-ақ табысады. Сол күш тағы Байсалбайдан айрылыса алмайды. Мениң қорқатынның осы жағы.

Дәмеш. Ол күнді қоя тұрыңыз. Егер олай болатын болса, сол күнде-ақ қам қылармыз. Бүгін кетссем, тіпті өмір бойы Төлештің бетін көре алмаймын ғой⁴¹. Мен үшін жашын отка салып отырғанда, басын тағы бір нәлеге салып кетсем, қарызы менің мойнымда кетпей ме? Онда елдің де бар күнәсі менде болмай ма? Жүрт тіпті өзінізді сөкпей мес, сондай есі жоқ қызды неге алған дес?

Ғазиз (куліп). Япыр-ай, сөзің ұтықты болын баралы ғой. Мені жеңесің-ау осы сен.

Дәмеш. Сізді жеңіп, шешен болмай-ақ қояйын. Бірак ойланбай баланың ісін істеп, сл-жүртқа сөгісті боламыз ба деп қорқамын (Бір-бірінің көзіне қарап.) Ал сиді мен уйғыс барайын.

Ғазиз. Біржолата ма? Олі айтатын сөзім бар⁴². Тез шығатын болсан, бар.

Дәмеш. Бүгінше менің ақылымға көнсөнізші, Ғазиз. Бір жолға жеңілссеніз де сштеце етпес. Сізді жеңіп бәйгі алайың деп тұрмаганым өзіңізге аяп ғой. Ал үйге бараңын. (Жүреді.)

Ғазиз. Токта (қасына келіп құшақтан) шығамысың?

Дәмеш (куліп). Шықпаймын.

Ғазиз. Шықпасан, жібермеймін. Эдейі ат сабылтып келгенде, тым болмаса, бір түнді қимаймысын. Шық, мен былай тұра тұрамын. Жарай ма?

Дәмеш. Жарайды. (Сүйіседі, екеуді екі жаққа, бір-біріне қарасып кетеді.)

IX көрініс

Аз уақыт өткен соң, тоғай жактан Аманбай, тағы екі жігіт бұғып шығады.

1-жігіт (Аманбайға). Мынау жатып қалған үй емес пе, Аманбай?

Аманбай (қорқып). Үйге жақындаама! Жүрегім лүпілдеп тұрганын қарашы. Жатып қалған-ау деймін. (Бірінші жігіттің артына бұғып.) Қайтсақ қайтеді?

1-жігіт. Жынды ма?! Қайтқаны несі, әдейі келіп тұрып?

Аманбай. Әдейі келді деп, ұстап алса, қайтесің?

1-жігіт. Кәпірдің сағын! Неге келдің ұстап алады десен? Ұстап алса, басынды алар деп тұрмысың? Біреудің қатынына келіп тұрган жоқсын, өзінің қалындығың.

Аманбай. Жоға, әншайін қалжындал. А-а-а... әншайін айтамын.

2-жігіт (*куліп жіберіп*). Шіркіннің қалжыңқойын. Екі асырыс бір қарбаласта қайтайық деген қалжың бола ма екен?

Аманбай. Жарайды, тәлекек қылмаңдаршы.

1-жігіт. Өзіңде бағанағы барған кісі не деп еді? Ел жатпай келсін деп пе екен?

Аманбай (*жалтақтан*). Не деп еді дейсің бе? Ел жатпай келсін, өзім қызды шығарып тұрып, қолынан жетектетіп жіберемін деспін Қайша, әйтпесе ертең көшіп кетеді депті.

2-жігіт. Көшіп кетеді десе, неге қайтайық дейсің? (*Күліп*.) Дәмеш керек емес қой тегі өзіңде. Басқа жерден тапқан сұлуларын да бар фой, тегі, жылпуырынды неме?!

Аманбай. Е-е.. Қызы табылмайды дейсін бе?

1-жігіт. Мынау үй жатқан жоқ екен. Енді әдейі келген соң, сабыр қызып отыра тұрайық.

Аманбай Отырсақ отырайық. (*Қопаңдал*) Бірак біреу көріп қоя ма деп, қорқып отырмын.

1-жігіт. Қайтесің бұны енді? (*Етегінен басып отырызып*.) Қопаңдамай, отырши өзің? (*Тым-тырыс*.) Ой, Куатжан білс ме екен осыны?

Аманбай (*жалтақтан*). Куатжан дейсің бе? О да білген-ау деймін.

2-жігіт. Оны қайдан білдің?

Аманбай. Оны қайдан білдің дейсің бе? Бағанағы келген кісі Куатжан сәлем айтты (*жалтақтан*), бұғіннен қалса, қыздан айрыламыз деп айтты деді фой. (*Күзетші алыстан айтақтайды. Аманбай шошып, тұра жінеледі.*) 1-жігіт етектен тартып, жібермейді.) Жүріндерші, ой, жүр, катынының керегі жоқ, әбден тіпті...

Қайша шығады.

X көрініс

1-жігіт. Ой, антурғап. Эне, Қайша келе жатыр.

Аманбай. А-а-а... (*Бұрылым, Қайшага қарсы жүгірпін.*) Қыз қайда? Қыз қайда? Алыш жөнелейік, біреу-міреу көріш қоймасын.

Қайша. Тәй әрі, аусарланбай! Не қылып құтырып жүр өзі? Есіл қыз-ай саған қор болған!

Аманбай. Жоға, мен әншайін... қалжын... (*Екінші жігітке қарайды.*)

2-жігіт (*куліп, ақырын*). Құдай атсын!

Аманбай. Әншайін фой...

Қайша. Мына немені неге әкелгенсіңдер өзін елпендетіп?

Аманбай. Не қыл дейсің енді? Өзіңнің берем деген қызынды сұраганым ба жазығым?

Қайша. Ой, ісің құрысын, есалаш неме, жынды көбелек секілденбс!

Аманбай. Е-е... Әбден тіпті...

1-жігіт. Оны не қыласың, Қайша! Өзіңнің үрейі ұшып тұр, дегбірі қашып. Баланы шығарып бере аласыз ба бүгін?

Қайша. Шығарып беремін. Тек әлі үйдің іші жатқан жок. Сендердің келгендерінді білейін деп шыктым. Кішкене тоса тұрындар (*Аманбайға.*) Адыра қалғыр, сені қыздың тсің екен деп бергелі жүргешім жок-ау! Әншайін үйіндегі кемінір-шалдың, күрметі гой. Қаргайын десем — жалғыз, қарғамайын десем — жалмауызың гой сен. Және қундестің баласының бойы өспесін деп жүрмін фой. Сен қор, берсем де айрыласың гой бір күні. Мен оны білмей жүрмін бе?

1-жігіт. Дәмеш қай үйде еді өзі?

Қайша (*жақындан бәрі бір арада тұрып сөйлеседі. Бір жақтан күзетші шығып, енгел бір жерге тығызып сөзге құлағын салады.*) Қыз бағанағы жанжалдан кейін өз үйінде отыр еді. Құндіз Қуатжан екеуміз Есендік жіберген кісі қылып, бір қатынды жіберіп, шақыртып алдық. Содан бері өз үйінде. Қазір жатарда тыска шығайық дёп, ерте шығамын. Қол-аяғын байлап алып кетіцдер. Қеселді күң не қылмай отыр ол? Бүгінгі шатақтың бәрі сол үшін шықкан жок па!? Бүгіннен қалсандар — қалғандарыц. Қызды алып, ертең аналар көшкелі отыр. Бір жөнелтіп жіберсем, содан кейінгі дауын көре жатарсың-

дар. Тіпті өзіме сермеңдер (*Күзетші Қайша сөйлеген сайын бас изейді.*)

1 - жігіт. Дұрыс. Біз енді тоса тұрайық. Ай, Қайшадай, осы қадіріңді де білмейміз-ау біз!

Қайшадай. Қадір біліп не қыласындар, ал бір жерге тығыла тұрындар (*Бәрі тараиды.*)

XI көрініс

Күзетші (тамағын кенеп ән салады).

«Ой, қалқа, сен ақ қоян секендереген,
Артында мен ақ сұңқар жетем деген,
Ойымда уш үйіктасам бар ма мениң,
Айрылып сен қалқамнан кетем деген?»

Тоқтап сөйлейді.

Бүгін бір майдам соқ жасайын ба осы? Тоқалдың қай жақсылығын кимаймын, Бастығы Есендік болып, ала жаздай бір жапырақ ет асатып көрген жоқ. Малшы атаулының бәрін үрады, үрсады. Бір күн бүйірін шығарып тойғызбайды. Аяғында бәрі де «акысы құрсын» деп безіп кетіп жүргені — анау⁴³. Өмір бойы малшыға істеп отырғаны осы. Бәрін де күні бітуге таянғанда шыдатпай қуып жіберіп, ақыдац, киімнен түк бермейді. Осының бәрін істеп отырған — Қайша мен баласы. Бұлардан алты ай жазға ішкенім Төлештің бір шайына тұрмайды. Не қыламын? Қой, қазір Төлешке айтайын. (...)⁴⁴

XII көрініс

Аманбай, екі жігіт қайта шығып, жүресінен отырады.

1 - жігіт. (Аманбайға). Ай, сен тыңдашы, мен бір ақыл айтайын.

Аманбай. Айт! Ақылдарың болса, айта жүрсендереш! Мен сендердің ақылдарынды үйренбейіп деймін бе? Эншейін өздерің тәлек қыласындар.

2 - жігіт. Е, сорлы, қайтсін, шынын-ақ айтып тұрған жоқ па?

1 - жігіт. Мынау құрдас болған соң, аузына келгенін

айтын күле береді ғой, болмаса мен тәлекек қылмаймын сені.

Аманбай. Е-е-е, сені қойшы, сені өзім де білемін ғой (*Екінші жігітке қарап*.) Мынау ит. (*Бірінші жігітке қарап*.) Қәне, ақылыңды айтши.

1 - жігіт. Сен жаңа Қайшаның көзінше ақымақ болып кеткенің не? Өйтеп берсең, апаңың көңілін қалдыра-сың ғой.

Аманбай. Жоқ, өзі тіпті дәйім ұрысып жүреді. Содан басқа бір кісі ұрыспайды. Және қай жерде кез келсе, сол жерде сөйлейді де жатады. Жаңағы жердегі ұрысканы да жөн бе? Сондай жерде ұрысканмен, түзелем бе?

2 - жігіт. Е-е, Қайшаның өзі де ашуланшак қой. Аманбайды бөтен кісідей сынап жүреді еken ылғи. (*Бірінші жігітті тұртіп қойып*.) Сондай жерде ұрысканға кісі түзеле мес екен? Жауны-жаламда жаңағы ұрысканына мен де намыстанип кала жаздап, азар шыдап тұрдым (*Аманбайды көрсетіп*.) Мынау әйтеуір қорыкпай-ак айтысып қалды әбден, «ит ұяласынан қорыкпайды» деген ғой.

1 - жігіт. Коя тұршы оны.

2 - жігіт. Не қояйын? Қайшаның қылығы кісі шыдарлық смес, тіпті. Ол әлі қызды әкелгенде де бірде-ме дейді. Қөрерсің. Дәмештің көзінше сынайды.

Аманбай. Онысы рас. Бөлем өйтетін болса, мен де аянып қалмаспын.

2 - жігіт. Е, тілінді тартпа! Қызын берсе, малыңа бергелі отыр, неменесі бар?!

1 - жігіт (*күліп*). Кой оны (*Аманбайға*.) Мен айттын ба?⁴⁵ Сен қазір Дәмеш келгенде, әлгі мінезінді істеп жүрмө! Онда қыздың көңілін осы арада қалдырасың.

Аманбай. Қандай бол дейсіндер? Өздерің айтындаршы, қәне?

2 - жігіт. Айтатынам мынау: қызды өзін сөйлесіп, икемдел әкет. Біз онымен үйір емеспіз және сен тұрғанда біздікінің лайғы жок болады.

Аманбай. Дұрыс, жарайды.

2 - жігіт (*көзін қысып*). Не айтатыныңды өзін білесің, ғой! Әуелі кішкене алданқырап алмасақ, агалары оянып кетсе, бәріміз де қолға түсеміз.

Аманбай. Тек, жаман сөзді айтпаши, құдай-ай, сақтай гөр! (*Күзетші айтактайды, Аманбай селк етіп жалтақтайды*.) Осы күзетшіден-ақ жаман қорқып бол-

дым (Жалтақтайды. Екінші жігіт бүйірін қысып қалып шошытады.) Алла-ай! (Етпетінен түседі, жігіттер күліседі.) Кеселді, не қылды, кісінің өзі қорқып отырғанда! (Дірілдейді.)

2 - жігіт (*куліп*). Байғұсым бабына келген екен, қарашы тісі тісіне тимей, сақылдан тұрғанын, ақпан — қантардағы күйіне келген бурадай болып.

Үйден тықыр шыгады. Аманбай қашады. Қайша, Дәмеш шыгады.

2 - жігіт (*Аманбайға*). Құдай үрғыр, бері кел!

Дәмеш (*қорқып шегінеді*). Мыналар кім?

Қайша (*қолынан үстап*). Үрікпей-ак қой, ешкім де емес. Эй, бері кел, жынды неме, тагы жындандың ба?

Аманбай. Қайша, сөйлемеші өзің, нең бар менде? Мені осындай жерде түзей аламысың? (Дәмешке.) Кәне, жүррейік пе? А-а-а... сөйлесейік кішкене (Дәмештің қолынан үстайды).

Дәмеш (*қолын қағып*). Аулак!⁴⁶ Кім сөйлесемін деді сенімен? Негіз жүр өзі?

Қайша. Кеселді Аманбай, құдай алмады ғой сені! Қайтермін енді? (1-жігітпен сыйырласады.)

Аманбай. Дәмеш, үрыспа! Үрысқан... тырысқанымыз жарай ма? Құдай қосқан соң қайтесін?

Дәмеш. Не деп жүр өзі?⁴⁷ Құдай сендей жарымеске қоспай-ак қойсын! Сенің есіріп жүргенің құдайдың бір уақытысы шығар. Әйтпесе сені үміт қылатын болып пәдім мен?

Аманбай. Иә... соңда да... өйткенмен де... жарай ма? Дәмеш, қой... (Колынан үстамақ болады.)

Дәмеш (*үстаптай*). Құтырма енді, аулақ жүр! Тары бір қастық істегісі келіп жүр екен ғой (Үйге қарай жүреді.).

Аманбай (*Қайшаны тұртіп*). Анауың кетіп баралы ғой.

Қайша (*артынан жүгіріп үстай алып*). Сөйлеме, кеселді қырсық! Не шатып тұрсың бағанадан бері? Қайтер екен десем, асқақтама! Қекірегінді керме өйтіп? Азғана сөйлескенге нең кетеді? Сөйлесіп қана қайтқалы келді, жемейді сені (*Ғазиз, Рақыш тоғай жақтан жақындан келіп отырады.*)

Дәмеш. Естімеймін сөзінді, сен екенсің ғой тары. (Жұлқынады.)

1-жігіт. Дәмеш, сен балалық қылма. Азғантай га-

на мойның бұрып, менімен сөйлесіп кет. Бір ауыз жауаптан қашқаның лайығы бола ма?

Дәмеш (тоқтап). Не қыл дейсіндер? Менімен сөйлесетін жұмыстарын жок. Тыңдамаймын (Үйге жүреді.)

Аманбай. Кой, Дәмеш! (Бірінші жігіт Дәмештің артынан құшақтан ала жөнеледі. Сол уақытта Төлеш, Демеужсан, күзетші жылдам басып келеді.)

Дәмеш. Ойбай!.. Төлеш! Жүгір, ойбай! (Аманбай, екінші жігіт қосыла жүгіреді.)

Қайша. Жөнеліцдер, есіріп жүрген бұл кеселді күң!⁴⁸

Төлештер айқайлады артынан жүгіреді. Бірінші жігіттің алдынан Ракыш, Фазиз карсы тұра қалады.

XIII көрініс

Фазиз (ақырып). Қайт, босат, өлесің!

Алтындарды жігіттің кеудесіне таяйды. Дәмеш босайды. Аманбай бірінші жігітке соктығып шалқасып күлайды. Бір жағынан Төлештер жүгіріп кследі.

Дәмеш (босанып жылап). Қайша-ай, не деген қуарғансың?

Төлеш (Аманбайды бас салып). Қімді басынасын, сеп күл? (Үрады.) Байла иттерді, өлтір! (Көп ай-қай, дабыр-ду, «өлтір, бауызды», деген сөздер естіледі. Үш жігітті байлап жатады.)

Қайша. Тағы келді ғой мына кеселділер. Куатжан, жүгір, ойбай!

Демеужан (Қайшага). Бәрін істеп жүрген сенбісің тағы? (Жығып салып үрады.)⁴⁹

Қайша. Куатжан, ойбай-ай... Есендік, өлдім! Өлтір, ойбай, қайдасың?

Демеужан (жармаса). Өл, елден шыққан залым! (Айқайлад.) Қан түртіп тұрса, шықсын балаң!

Қайша айқайлайды.

Төлеш (жүгіріп келіп Демеужсанга). Былай тұрши, осыдан өзім алайын өшімді!

Демеужан (Аманбайға жүгіріп келіп). Иттің тұқымы, кім үйретті саған алып қаш дегенді? (Үрады.)

А м а н б а й (*жарыса*). Агатай-ай, мен емес сідім. Ағатай, ендігөрі жоламаймын!

Д е м е у ж а н. Кім кел деді саған?

А м а н б а й. Қайша емес пе? Кел, шығарып берейін, алып қашып кет деген.

Т ө л е ш (*Қайшага*). Қеселді, қандай қылайын осы арада! (*Бұындырыады.*)

Қ а й ш а. Ойбай, қеселді, Есендік, өлдім ғой (*Төлешике.*) Құдай-ау, Төлеужанның қара сорпасын үрттат! Құдай!

Т ө л е ш. Есендік күтқарып алар сені менен.

Қ а й ш а. Төлеужан, сенің қара сорпаңды үрттамасам, кәпір болайын!

Т ө л е ш. Иә, үрттарсын!

Д ә м е ш (*Ғазизге*). Қойғызысаңызың енді. Өлтірді ғой⁵⁰.

Ф а з и з (*Төлешике келіп*). Қой, Төлеш, болар енді, өлтіремісің? (*Айырып алып, Қайшаны алып кетеді.*)

Қ а й ш а (*кетіп бара жатып*). Сенің қара сорпаңды үрттамасам көрерсің енді!

Д ә м е ш. Құдай-ау, бұ не деген қырсық? Бұ не деген сұмдық?

Д е м е у ж а н (*Төлешике*). Мыналарды қайтеміз?

Т ө л е ш. Алып жүр үйге бәрін де! Жазасын ертең берермін (*Сүйрейді.*)

А м а н б а й (*екінші жігітке*). Қеселді иттер, айтпап па едім бағана кетейік деп? Әйтеуір қылдыңдар ма, қырсықтар!

2 - ж і г і т. Е-е, несін айтасың, бәрінен де нақактаң өлген мен бишаараны айтсайшы? (*Бәрін ойын бөлмесінен әүйреп алып кетеді. Үй жақтан дауыс естіледі.*)

Д а у ы с. Тұра тұр, тоқалдың сойылының соғатын немелер! Қөрсетермін ертең! (*Күзетші шығады.*)

Қ ү з е т ш і. Есендік қорықанынан үйінен де шықпай қалды. Қайшаның да жон терісі жазылған шығар. Шок, бәлем!⁵¹

Ш ы м ы л д ы қ.

ТӨРТИНШІ ПЕРДЕ

I көрініс

Төлештің үйі. Күләш, Дәмеш.

Күләш. Еркем-ай, мен бір нәрседен қатты қорқып жүрмін. Зәрем жоқ осы.

Дәмеш. О не? Айтшы?

Күләш. Біздің ауылдың берекесі кетіп барады той осы. Экемен ұрсысып, ел-жүрттан шығып, біздің келіп отырганымыз — мынау, бөтен болып кеткен бір ауылдың жаңына. Аналар болса — ол жакта ойсырап қалып отыр.

Дәмеш. Оның несін айтасың? Бұған кінәлі кім? Бәрі жалғыз токалдың ылацынан. Ағамың⁵² бостығынан емес пе? Өз берекесін өзі кетіріп жүрген жоқ па?

Күләш. Одан да бар той. Сөйтсе де, апам жарықтық тек емес қой деймін. (...)⁵³ Мал-бастың, барлық дүниенің құт-берекесі сол кісі еді той. Өзі кеткен сон, артындағы дүние тозайын деп, әрекетке ұрынып жүр мә, немене?

Дәмеш. Құдайдың бір салғанын көрерміз.

(...)⁵⁴

Күрсінеді, Фазиз, Әбділдә кіреді.

II көрініс

Фазиз (Әбділдәға). Төлеш қайда кеткен?

Әбділдә. Төлештің қасына он кісі қосып беріп, Есендіктің жылқысын алыш кел деп жібердім.

Фазиз. Не дейді? Қашан кетті?

Әбділдә. Қайтып келетін уақыты болды.

Фазиз. Ең болмаса, сайлау өткенін күтпей, бұның не?

Әбділдә. Бала, білмейсін, мұндай ірі жұмыстар сайлау үстінде болса, қайырлы болады. Жүрттың қаны тасқындал түрғанда сөзімізді қостаушы көп болады.

Фазиз (кулін). Дұрыс.

Төлеш кіреді.

III көрініс

Ә б д і л д ә (*Tөлесікे*). Не қылдыңдар, қарағым,
жылқы ала алдыңдар ма?

Т ө л е ш. Алмақ тұғіл, тағалы тайын қалдырғаны-
мый жоқ. Желісін қызы, құлындарына шайін алып кел-
дік.

Ә б д і л д ә. Борекелді, өзінді момын ғой деп журсем,
ыстығын түрінде скең ғой. Мінски, жарайды енді, «кол
болмай жол болмайды» деген. Кезі келгенде қандай бө-
леге болса да шыдайтыныңды бір көрсетсөн, бар жауын
жымдай болып тақымын қысады. Эйтпесе емен де, семен
де басынып, оңай коржын қылып алады.

Т ө л е ш (*құліп*). Эйтсөйр осы жолы өзіңіздің шәкір-
тіціз болдым ғой. Исте дегеніңіздің бірінен іркілгенім
жоқ, әлі күнге.

Ә б д і л д ә. Борекелді, іс осы. Енді маңына жоласын-
шы Бейсембі. Ол сені мұндан іс қылады деп ойлаған
жоқ. Не қорқытып көндірем, не алдаң көндірсем деді ғой.
Ертеден елді менгеріп алып, пәлені көргендігін қылғысы
келеді. Бойы өсіп, буны қатып марқаланғандығын көр-
сеткісі келеді ғой.

Құләш қымыз экеледі.

Т ө л е ш. Біз де енді достың достығы қандай, қастың
қастығы қандай болатынын білетің болдық қой. Бейсем-
бі не қылып отыр бүгінгі күн? Кімнің пайдасы тистін
болса, соның сойылын соғады⁵⁵.

Ә б д і л д ә. Эрине, осындаі, өгейлікті көрмесе, туыс-
қаннан туысқан неге кетсін? Көрермін енді жайланау жа-
расып отырғаны!

Т ө л е ш. Қыска күнде тізгінді қырық берлім. Ағайын
ұйытқысы бұзылмасын, Бейсембінің шиі жазылмасын
деп, алдынан бір шыққаным жоқ. Мені неге тоқалға жы-
ғып береді?⁵⁶

Ә б д і л д ә. Бәлі, менің Есендікке өкілем осы емес
пе? Міне, ертең айтысқанда ірге бермейтің сөзің —
осы.

Т ө л е ш. Қайша кім осы күнде? Ол сүт үстінде қай-
мак. Жүрттyn бәрі оны төбесіне көтереді⁵⁷. Мен сол то-
қалға бүл күнге шейін жаңғырық болғаннан басқа, ие
істеп едім? Қарсы тұрсам, төбемді ойып бара жатқан
соң қарсы тұргашым жоқ па? Мен тоқалға жазықты

болсам, агайын-туғанға, Бейсембіге — түгелімен жазықты болатынам қалай? Орнынан, малымнан айрылып, кіші шешенің баласы болып кететінім қалай? Неге көтөрейін мен мұны?⁵⁸

Әбділдә. Қөтермейсің. Бәрекелді, балта сабынан озбайды. Жат мінезді олар бастаған соң, сен неге тұрасын?

Төлең. Эйтеір енді иілер жайым жок. Бұл әкелген мал түгелімен өзімдікі. Қолдан шыққан қорамжым, кол жеткел соң алыш отырмын. Әбе, менің сізге ұстаратын сезім осы.

Әбділдә. Дұрыс, шырағым, саган енді мен бір сөз айттын (*Fazizdі көрсетіп*.) Мына бала — бөтеніміз емес, құдай косса, жақының той енді. Сен «ағайын береке айтсын, табыстырысын» деген сөзді аузыңнац шыгарма. Ондай сөз жауды бел алдыратын сөз болады⁵⁹.

Төлең. Эрине, оны айтын бала болынсыз ба?

Әбділдә. Бұғаш тіпті өзге ағайынның саған керегі жок. Ел келесі осы⁶⁰ қалында тұрса, Бейсембі өтіп кетеді скен деме? Бұгінгі күні өзі женілін отыр. Бар тіртектесіп тартысып отырганым — осы алтыншы⁶¹ еді, қандай болды езі? Дода-дода болған жок па?

Газиз. Алтыншы тоқсан бес үй мес еді осы?

Әбділдә. Тоқсан бес, бүрүн екі қырық бес үйден болып, арадағы бес үй — Байсалбайға таласып едік қой. Бұгін міне — Төлең келген соң, бұның қайны келді. Демесужан келіп еді, оның қайны келді. Он бес үйді Төлеңтердің езі әкеліп отыр. Енді женеілмеген несі қалды? Өзге старшындарым ташадай. Бейсембінің қеудесін мінгеним емес пе енді?

Төлең (*Fazizge*). Сен сайлаудаң хабар білдің бе? Калба болысы сайланып болып калған жок па осы?

Газиз. Хабар білдім. Сайлаушы келді. Менің жолдасым екен. Бұғаш көріп сөйлесіп, жаңа осы үйдеи аттанадырық⁶².

Әбділдә. Жылқыда кім бар, бағанағы кісілерің түгел қалып па еді? Осы жылқының артынан қуып келе ме деп отырмын.

Төлең. Қелмейді деуге болмайды. Бағанағы кісілердің бәрін де тастап кеттім. Сөйткенмен ал-бұл болса, дайын отырған лайық болар сді.

Қымыз жиылады.

Ә б д і л д ә. Мен таңертең жүрттың берінс хабар жібергенмін. Бұғін ұрыс болады, дайын отырсын деп; жиылтын шығар бері де. (...)⁶³

Д ә м е ш. Үүх!..

Ғ а з и з (Дәмешке қарал). Қуғын болса, келіп қала-тын уақыт болды ғой, ешкім келе қоймас. Олар жығылып отырған жақ қой.

Т ө л е ш. Олай деме! Тегі, жығылып отырған жақ ожар болады мұндайда. Зорлық көрген кісі сыйылданып отыр ғой олар.

Тыстан даудың естіледі.

Д а у ы с. Төлеш, Төлеш, ойбай, келіп қалды.

Д ә м е ш }
К ү л ә ш } Күдай-ай, сактай гөр!

Д а у ы с. Төлеш... Бол, атқа мін енді!

Т ө л е ш. Қазір! (Қамданады.)

Ә б д і л д ә. Ай... жылқы қайда?

Д а у ы с. Жылқыны ауылға айдал келдік, қуғыншылар кейін келе жатыр.

Ә б д і л д ә. Алдынан шығып ұрыс салындар, жолат-паңдар. Енді неге тұрсын өзің? Шап!

Ғ а з и з. Мен де барамын (Қамданады.)

К ү л ә ш. Жасаган ие-ай, сактай гөр!

Ә б д і л д ә. Өліспей, мал берме түге! Бетін қайырмасаң, асып кетеді.

Т ө л е ш. Ой, тәңірі-ай, біз де ереккіз ғой, не қыла кояр дейсіз?

Ә б д і л д ә. Бәсе не қылушы еді, аямаңдар! Ай, Ға-зиз! (Ғазиз тоқтайды.)

Ғ а з и з. Немене? (Төлеш шығып кетеді.)

Ә б д і л д ә. Бұндай жанжалда алды-артыңды болжап алмасаң болмайды. Мына Төлеш бірбеткей тоңғалақ шығар деймін. Сен олай болма!

Ғ а з и з. Иә, айта беріңіз.

Ә б д і л д ә. Жау көп болса, сен мынаның жасақшысы болмай, ара кісі болып: сөйлестірейін, жауап берейін деп, бетін қайтара тұр. Оған шекті біз де артымызды жиып аламыз. Егер аз болса, топылдатып түсіріп алып, тегіс байлан әкеліндер. Онан соң, не болса да, көрерміз.

Ғ а з и з. Дұрыс.

· Э білдә. Бар. Мен де шығайын, қазір қалған елге хабар беріп, жасақшы жиып барайын (*Ekeyi de шығады.*)

IV көрініс

Күләш. Еркем-ай, зәрем ұшып тұрғой. Құдай-ай, сақтай гөр!

Дәмеш (*курсініп*). Құләш-ай, мен де корқып отырын. Токалдың анау куні тұнда айтқан сөзі жаман еді. Сол сөзі есіме түссе, зәрем кетуші еді. Құдай-ай, кайырын бер! (*Ағаш даусы, «қайт-қайт», «тұс аттан», «қырағын, жоямын» деген сөздер естіледі.*)

Күләш (*есікке қараң жүгіріп*). Құдай-ай, не сұмдық болын кетті? (*Есіктен қарап тұрып*.) Ауылға келіп қалыпты ғой. Кеселділер көп екен ғой.

Дәмеш (*корқып*). Женешетай-ая, біз қайтеміз? (*Жылайды.*)

Күләш (*қарап тұрып*). Жасаган-ай, жаман атынан сакта! Еркем, бір пәле болды, ұрысып жүр. Тоқалдың баласы да бар екен ғой. Алда-ай, сақтай гөр, жасаған-ай, сақтай гөр!

Дәмеш. Тәнірім-ай, өзің қорған бол, өзің сакта!

Күләш. Сәулем-ай!..⁶⁴ Төлешті көздел жүр, а құдай!.. Ақсарбас! Айттым басымды жолына!

Дәмеш (*есікке таман жүгіріп*). Құдай-ай, не пәлеге ұшыратасың? (*Мылтық даусы естіледі.*) Алла! (*Кейін қашады.*)

Күләш. Алла! (*Шошып кейін қашады.*) Сәулем-ай, қарашы!.. Қарашы, зәрем кетті ғой. Журегі құрғыр сезеді ғой. Қарашы, сәулем, бар ма, тірі ме? Төлеш!.. Сәулем!.. (*Жылап талықсып төсеккө жығыла сүйенеді.*)

Дәмеш (*жылап*). Құдай-ай, ақсарбас! Не күйге ұшыратасың?

Дауыс (*тыстан*). Ойбай-ай, бұн деген сұмдық еді?

Бауырым-ай!.. Ойбай-ай!.. Тұбіме жеттің-ау, тоқал! Ойбай, бауырым!.. (Ой, бауырымдаган көп дауыс естіледі.)

Дәмеш (қатты жылап). Ойбай-ай, Құләш-ай, құдай үрды ғой! Элті Демеужанның даусы ғой! Ойбай, не болды?

Кұләш (талықсып жылап). Не дейсің? Не дейсің? Құдай үрды ма? Бақыттың күйді ме? Алғаным! Соулем!

Әбділдә (жасындаған келіп). Бейсембі, тұбіме жеттің бе, Бейсембі? Қанлы шелек-ай, не кегің бар еді? Арыстанымды сұлаттың ба? (Жылап.) Бауырым-ай, Төлеш-ай!.. Серігім-ай!

Демеужан. Жалғыз ағекем, бауырым?..

Кұләш. Куатым!.. Не болды? Қорғаным, не болды? Меніңсеге тастап кеттің! (Көп жылау, бәрі де ақырын жылайды.)

Дәмеш. Ағатайым, сүйенішім, жарығым!

Есіктең Төлешті көтеріп алғы кіреді. Әбділдә, Демеужан, Газиз, тәңі тарт-бес жігіт. Дәмеш карсы жүріп Төлешті құшактаған.

Соулем-ай, не қылды? Не болды? Кеселді дүспан аямады-ау! Тагы жылатты-ау!

Кұләш (төсекке сүйеніп тұрып талықсып). Құдай-ау, не күйге ұшырадым, не пөле туды басыма, жарығым-ай! Куатым, мідеуім-ай!.. (Әкелген жүргіт Төлешті басына жастық салып жатқыздады. Төлеш бүйірін басып бүктеліп жатады. Құләш құшақтан жығылып.) Соулем, не болдым? Қор болдым ба, зарладым ба?

Әбділдә. Қарактарым, қойындар енді. Төлештен әлі күдер үзгеміз жок. Сендер жыласандар, ауыр тиеді отан. Тоқталындар, өзі күйіп отырган жаңды күйірмесцідер!..

Демеужан (қасында отырып жылап). Қалкам, ағатайым, арманда кеттің-ау!

Кұләш. Жарығым!.. Қорғаным, зорлық көрдің ғой, жалғыздық көрдің-ау!..

Дәмеш. Ағатай! Не болдық, не күйге ұшырадық?

Төлеш колын сермен, бәріне де ишарат қылады.

Ә б д іл д ә. Қойындар дең жатыр. Бірдеме айтқалы жатыр. Қарақтарым, тоқтаңдар енді (Төлеши.) Қарастым, не айтасың?

Төлеши. Үн-үн (Ыңыранып.) Мені аясандар жыламандаршы!

Ә б д іл д ә. Қарағым, қойдық енді, жыламаймыз.

Бәрі үндемей, ақырын жылап отырады.

Төлеши. Үн.. Менің күйігім жеткен жок па?.. (Бәрі ақырын солқылдайды.) Тілеймін, жыламандаңдар. (Жанжакқа қарап.) Фазиз қайда? О да тастап кетті ме?

Ф а з и з. Мен мұндамын, аратай!

Ә б д іл д ә. Мінеки, қарагым...

Төлеши. Отыр. (Тоқтан.) Аттың, өкем! Шешемді бауыры сұық қара жер алды (Дәмеш жылайды.) Әкемді қаны сұық өгей шеше дүспан алды. Менің жауым — мені қанға былғап отырған. Қундестің баласы... алды...

Д а у ы с (тыстан). Куатым-ай, Төлеши-ай! Мен ит болдым ғой, жаздым ғой!..

Есендік кіреді.

V көрініс

Есендік. Жаңылдым ғой, миым айналды ғой...
Мұндай болады дең не едім? (Төлеши ті құшақтан, маңдайынан сүйеді. Бәрі жылайды.)

Ә б д іл д ә. Неге келдін, қуарған? Қуарыш неге отырмайсың үйіңде? Алдақ кел дең тагы тоқал жұмсады ғой сені.

Дәмеш (жылап). Аға, түбіме өзің жеттің бе? (...)⁶⁵

Төлеши. Мені баласына... атқызыған тоқал... Тоқал кім? Ол сенің... қойныңнан... менің шешемнің тесегінен... шыққан шұбар жылан.. (...)⁶⁶ (Киналып.) Үү-үн... Үү-үн!

(Бүктеліп.) Әттең, арманым!.. (Түзеліп.) Қегім... Тоқал!
Қаныма ортақсың... уүһ-уүһ... ақыретте... Екі қолым жа-
ғанды!.. (Сұлық жатады, Есендік иман айтады.)

Күләш (жылап). Өні бұзылып барады ғой... Сәу-
лем-ай!

Әбділдә (бәріне қарап). Қарақтарым, Төлештерің
үзілді.

(Шымылдық.)⁶⁷